

Қазақстан халқының бірлігі күні құтты болсын!



Сыр бойы

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет • 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

№63-64
(19939-19940)



1 мамыр, жұма 2020 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz

www.syrboyi.kz

БІРЛІК

4 Ұлы дала –
бәріміздің панамыз



ПАРЫЗ

7 Елге қызмет –
ерге міндет



ЖЕҢІС – 75

8 Жүз жасаған
жүректер



АБАЙ – 175

9 Абай поэзиясы:
мәңгілік қайшылықтар
үндестігі



ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті қызылордалықтар!

Баршаңызды бірлік пен татулықтың, ырыс пен ынтымақтың мейрамы – 1 Мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесімен шын жүректен құттықтаймын!

Тұңғыш Президентіміз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев “Мәңгілік елдің алтын дінгегі – береке мен бірлік!” деп атап көрсеткен еді.

Бұл ретте, Елбасының бастамасымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы да ел бірлігінің сақталуына зор үлес қосып келеді.

Бірлік күні – сүйікті Отанымызға деген сүйіспеншілік пен қазақстандық патриотизмнің, ауызбіршіліктің жарқын көрінісі.

Бүгінде басты жетістігіміз этносаралық және конфессияаралық келісім, өзара түсіністік пен сыйластық десек, еліміз әлемге қоғамдық келісімнің ерекше моделін қалыптастырушы мемлекет ретінде танылды.

Әлемде болып жатқан жағдайларға зерделей қарасак, бейбіт өмір мен тұрақтылықтың, тыныштықтың қадірі арта түсетіні сөзсіз.

Дүниежүзінде орын алған қатерлі пандемия бізді де айналып өтпеді. Дәл осындай күрделі кезеңде халқымыздың ауызбіршілігі мен татулығы ауадай қажет.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқандай, “Біз – рухы асқақ, бірлігі бекем, еңсесі биік халықпыз. Сондықтан, бұл сынақтан да сүрінбей өтіп, қиындықты бірге еңсереміз” деп атап көрсетті.

Қадірлі жерлестер!

Бірлік пен татулық мерекесі әр отбасына бақ-береке, ырыс-несібе, қуаныш пен шаттық әкелсін!

Еліміз еңселі, Тәуелсіздігіміз тұғырлы, ғұмыры мәңгі болсын!

Сыр елі – талай сында шыңдалды, бұл сынақтан да сүрінбей өтетініне сенімдімін!
Біз Бірлеміз!

Облыс әкімі
Гүлшара ӘБДІҚАЛЫҚОВА.



● МӘЖІЛІС

ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ ЖЕҢІЛДЕМЕЙДІ

Сыбайластықтың сұрауы қатаң

Сейсенбі күні облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықованың жетекшілігімен аппарат мәжілісі өтті. Күн тәртібінде төрт мәселе қаралды.

Сб Әділжан ҮМБЕТ,
«Сыр бойы».

Аймақ басшысы алдымен ныстырды. ҚР Ішкі істер
кадрлық өзгерістермен та- министрiнiң бұйрығымен

Шаймерден Есенкелдиев Қызылорда облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінің бастығы қызметіне тағайындалды. Ол бұған дейін аталған мекеменің Түркістан облысындағы департамент бастығының орынбасары қызметін атқарған.

2-бет.

● ЖӨН СӨЗ

ӘРҚАЙСЫМЫЗ ӘЛЕМНІҢ БІР БӨЛШЕГІМІЗ



Бақберген ДОСМАНБЕТОВ,
«Болашақ» университетінің ғылыми жетекшісі,
экономика ғылымдарының докторы,
ҚР ҰҒА академигі.

Дүниеде уақыт пен кеңістік деген ұғым бар. Адамзат өз тіршілігінің осы екі факторға тәуелді екенін ұмытып кетеді. Әлемдік пандемия сол кемшілігімізді еске салды. Көп адам өзінің көрдім деп жүрген қиындығының желді жаңбырдай екенін ғана ұғынды. Кенеттен көтерілген коронавирус кеселі жаңбырдан емес, бұршақтан қорғанғандай қиын күйге түсірді. Сонымен бірге барлық адам баласының мүддесі бір екенін, ол – бейбіт, салауатты өмір сүріп, еңбек бақытына бөлену екенін түсіндірді.

3-бет.


● НАЗАРДАҒЫ НЫСАНДАР

ҚАЛА АЖАРЛАНА БЕРМЕК

Кеше облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова қала ішіндегі бірқатар нысандарды аралады. Алдымен «Сыр-Ана» монументіндегі қайта жаңғырту жұмыстарын көрген аймақ басшысы алаң жанындағы ақпараттық стендтер арқылы қаланың даму көрсеткіштерінің барысымен танысты.

Сб Ержан ҚОЖАСОВ,
«Сыр бойы».

3-бет.



\$ 429,4

₽ 5,83

€ 466,0



www.facebook.com/syrboyi.kz/



https://twitter.com/syrboyi



www.instagram.com/syrboyikz

COVID 19
CORONAVIRUS DISEASE

ӨҢІРДЕГІ АХУАЛ:

ТІРКЕЛГЕНІ:
198

ЕМДЕЛІП
ШЫҚҚАНЫ:
118

БАСПАСӨЗ - 2020

Құрметті оқырман!
Екінші жартыжылдыққа жазылу басталды

6 айға жекелер үшін / 3500 тт.
Мекемелер үшін / 4500 тт.



ЖАУАПКЕРШІЛІК ЖҮГІ ЖЕҢІЛДЕМЕЙДІ

Мәжілісте ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті басшысы Ардақ Ерсейтов сыбайлас жемқорлықтың алдын алу шаралары туралы баяндап берді. Ол мемлекеттік органдардың басшылары өздеріне тікелей бағыныстағы тұлғалардың сыбайлас жемқорлық қылмыстар жасағаны үшін жауаптылықта екенін айтып өтті. Биылғы жылдың алғашқы тоқсанында өңірде сыбайлас жемқорлық сипатында 31 қылмыс тіркелген. Оның 16-сы паракорлық болса, 11-і жымқыру және алаяқтық оқиғаларын құрайды. Сондай-ақ, өндірісте 44 қылмыстық іс болып, оның 24-і сотқа жолданды.

Осы орайда аймақ басшысы жемқорлықпен күрес – бұл жауапкершілігі зор міндет және ол формальді түрде жүргізілмеуі тиіс екенін атады.

– Облыстық басқарма басшылары мен аудан, қала әкімдеріне қатаң ескертемін. Өздері жетекшілік ететін ұжымда кез келген жемқорлық сипатындағы әрекеттерге жол берген бірінші басшылардың мәселесін өзін жеке қарайтын боламын, – деді облыс әкімі.

Індетпен күресте іркіліс жоқ

Облыс әкімінің орынбасары Наурызбай Байқадамов аймақта коронавирус індетімен күрес және карантиндік шараларды кезек-кезнен жеңілдету жайында хабарлама жасады. Қатерлі індеттің Қызылордада тіркелгеніне бір айдан астам уақыт өтті. 28 сәуірге дейінгі мәлімет бойынша 182 адамға аталған ауру анықталды. Барлығының жағдайы бірқалыпты. Қызылордалық дәрігерлер республикалық деңгейдегі мамандардан күнделікті кеңес алып отыр. Науқастардың арасында 20 адам – 14, 148 адам – 15-65, 14 адам 65-тен жоғары жасты құрайды. Сырқаттанған тұрғындардың 93-і ер азаматтар, қалғаны – әйелдер. Қатерлі дертке шалдыққан азаматтардың 1-і – ауыр, 10-ы – орташа ауыр, 171-і қа-
1-бет.

нағаттанарлық деп бағаланды. Олардың 16-сы – студент, 11-і – мектеп оқушысы, 22-і – зейнеткер, 44-і жұмыс істейтін, 49-ы жұмыссыз адам екен. Сондай-ақ, 25 медицина қызметкері қатерлі дертті жұқтырып алды. Қазірге дейін барлығы 110 науқас дертінен айығып, үйлеріне шығарылды. Олардың денсаулық жағдайы медицина мамандарының бақылауына алынған. Бүгінгі таңда 72 науқас стационарлық ем қабылдауда. Оның ішінде 70-і облыстық жұқпалы аурулар ауруханасында болса, 2-і Арал ауданында дәрігерлер қарауында. Қуанарлығы, бүгінге дейін науқас жандардың 60% толықтай жазылып шықты.

– Жалпы, коронавирус індетімен күрес шаралары менің күнделікті жеке бақылауымда. Бұған дейін де осы мақсатта тиісті нақты тапсырмалар берілген. Сондықтан алғашқы кезекте Мемлекет басшысының мәлімдемесінде айтылған тапсырмалардан туындайтын міндеттерді Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері, облыстық денсаулық сақтау басқармасы, тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау және полиция департаменттері жүзеге асырылуын қамтамасыз етуі тиіс, – деді облыс әкімі.

Мерекелердің өз тартуы бар

Алдағы мамыр айында елімізде тойланатын маңызды мерекелік шаралар жөнінде облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет кенінен айтып берді. Қазіргі таңда Қазақстан халқының бірлігі және Отан қорғаушылар күні, Ұлы Жеңістің 75 жылдығы мейрамдарын өз деңгейінде атап өтуге назар аударылып отыр.

Облыс әкімі 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі күнінде бейнеқұттықтау арқылы аймақ жұртшылығына өз лебізін білдіреді. Одан кейінгі кезекте зиялы қауым, этномәдени бірлестік өкілдері, спортшылар жүрекжарды тілегімен бөліседі. Сондай-ақ, Парламент Мәжілісінің депутаттары Наталья

Жұмалілдаева, Геннадий Шиповских, және белгілі мәдениет қайраткері Жеңіс Сейдолланың бейнеқұттықтаулары ұйымдастырылады. Сондай-ақ, жергілікті жұртшылық Сыр өңірінің өнер жұлдыздары мен шығармашылық ұжымдарының «Қазақстан – достық мекені» онлайн концерті, «Қазақстан – бірлік пен татулықтың мекені» виртуалды кітап көрмесі, «Бейбітшілік балалар көзімен» атты онлайн сурет салу байқауын тамашалай алады.

«Жеңіске рух берген әндер» атты патриоттық байқауы, «Сыр елінің қаһарман ұлдары» атты облыс музейлері мен кітапханаларында тақырыптық виртуалды көрмелер, жас сарбаздардың «Мен әскердемін» видеоцелленджі өткізіледі.

Белгілі композитор Кеңес Дүйсекевтің, әлем чемпионатының күміс жүлдегері Дәулет Ниязбековтың, мәдениет қайраткері Қаракөз Ақдәулетованың бейнеқұттықтаулары ұйымдастырылады.

Барлық шаралар әлеуметтік желілерде #Отанқорғаушыларкүні #Менәскердемін #Қызылордажастары хэштегтерімен жарияланады.

Ал Жеңіс мерекесіне арналған іс-шаралар «Жасампаз жасақ» жобасы онлайн форматындағы акциясымен басталды. Бүгінде облыста 16 соғыс ардагері, 49 соғыс ардагерінің жесірі және 4269 тыл ардагері бар. Сындарлы жылдарда жеңісті жақындатуға зор үлес қосқан ауялы жандарға қазір мемлекет тарапынан барынша қолдау жасалуда. Сыр өңірінде мұндай санатқа енгізілген барлығы 4335 адамға біржолғы материалдық көмек көрсетуге жергілікті бюджеттерден барлығы 454,8 млн. теңге қаралған. Оның ішінде карт майдангерлерге 1 млн 111 мың теңге әлеуметтік төлем жасалады. Қазіргі таңда 16 ардагерге 611 мың теңгеден төленді, қалған 500 мың мамыр айында толығымен жеткізіледі.

Қазақстан халқының бірлігі және Отан қорғаушылар күні, Жеңістің 75 жылдығы мерекелеріне арналған шаралар Youtube платформасында іске қосылған «Сыр Бірлігі» каналында онлайн көрсетіледі, әлеуметтік желілер мен интернет ресурстарда ақпараттандырылады.

Мемлекет және қоғам қайраткері Бақберген Досманбетовтың, ақын Шөмішбай Сариевтың, бокстан әлем чемпионатының жүлдегері Қамшыбек Қоңқабаевтың бейнеқұттықтаулары ұйымдастырылады.

– Атаулы мейрам күндерінде карантин талаптары толықтай сақталуы тиіс. Сақтық шараларын барынша ұстана отырып, елдің патриоттық рухын көтеру, халыққа мерекелік көңіл-күй сыйлау – негізгі міндеттің бірі. Қалыптасқан жағдайға байланысты мерекелік шаралар өзгеше форматта ұйымдастырылады. Осы бағытта бұқаралық ақпарат құралдары және әлеуметтік желілерде ақпараттық сүйемелдеу жұмыстарын жүргізеді. Ал облыстық полиция департаменті мамыр айындағы мереке күндері қоғамдық қауіпсіздік шараларын күшейтуді қамтамасыз етуі тиіс, – деді облыс әкімі.

Егін және азық-түлік қауіпсіздігі

Бүгінгі күндері аймақта көктемгі дала жұмыстары ерекше қарқын алды. Бұл мәліметтер облыс әкімінің орынбасары Бақыт Жахановтың баяндамасында кенінен қамтылды. Биыл облыс бойынша 183,1 мың гектарға егін егу межеленген. Алғашқыда негізгі дақыл – күрішті 88,2 мың гектарға орналастыру жоспарланған болатын. Дегенмен, алдын ала болжамға сәйкес су тапшылығы болуы мүмкін. Сондықтан күріш егісі 2100 гектарға азайтылды. Биылғы егіс жұмыстарын жүргізуге 14 мың тонна арзандатылған дизель отыны қаралған. Сәуір және мамыр айларына 10750 тонна дизель отыны бөлінген. Оның бағасы әр литрге 162 теңгені құрайды. Дизель отыны шаруашылықтарға 2 оператор арқылы жеткізілуде.

Бүгінге дейін жаздық бидай – 3,8, жаздық арпа – 0,6, мақсары – 5,4, жана жоңышқа 19 мың гектарға орналастырылды. Сонымен қатар, 32,1 мың гектар ескі жоңышқа және 4,1 мың гектар күздік бидай суарылды. Күріш егу 20 сәуірден басталды. Қазір 8476 гектар жерге егіліп, оның 3328

гектары суға бастырылды. Бекітілген кестеге сәйкес күріш егу мамырдың соңына дейін, оны суға бастыру маусым айының алғашқы аптасында бітеді деп межеленіп отыр.

Облыс әкімінің орынбасары өзінің баяндамасында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының шекті бағаларын бақылау және қадағалау барысына тоқталды. Облыс басшылығының тікелей қадағалауымен бұл бағытта маңызды іс-шаралар жүзеге асты. Нәтижесінде сәуір айындағы статистикада баға шекті мөлшерден төмендегені байқалады.

Сондай-ақ, карантин енгізілген Шиелі ауданының шаруашылықтарында жұмыс барысы қадағаланып отыр. Мәселен, «Төңкеріс» ауылдық округінде барлығы 3100 гектар жерге егіс егу межеленген. Бүгінде ауылдық округ бойынша 330 гектарға жана жоңышқа мен 80 гектарға мақсары егіліп, жоспарлы 1410 гектар күріштің 150 гектарына дән себілген. Ал «Талаптан» ауылдық округі 85 гектар жана жоңышқа мен 75 гектар жаздық бидай екті. 250 гектар күріштік жер айдалуда. Бала би елді мекенінде «Бала би-2004» өндірістік кооперативі 5 гектарға алма бағы мен жеміс ағаштарын екті. Шаруашылықтар егіске қажетті тынайтықш, жанар-жағармаймен қамтамасыз етілуде.

– Аймақтағы көктемгі дала жұмыстары өз деңгейінде жүргізіліп, мерзімінде әрі сапалы аяқталуы тиіс. Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы және қала, аудан әкімдері, «Қазсушар» РМҚ-ның облыстық филиалымен бірлесіп су ысырабына жол бермей, үнемдеп пайдалану шараларын қабылдағаны дұрыс. Ал, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының шекті бағаларына тұрақты мемлекеттік бақылауды күшейту қажет. Облыстық кәсіпкерлік және туризм басқармасы, қала және аудан әкімдері азық-түлік тауарларының шекті бағасын бақылауға жұмыстары әлі де өз деңгейінде емес, – деді облыс әкімі.

Сөз түйінде қала, аудан әкімдері және тиісті сала басшыларына талқыланған мәселелерге орай нақты тапсырмалар жүктелді.

ТАЛҚЫ

Төтенше жағдай кезінде 16 мыңнан астам жұмыс орны сақталды



Суретті түсірген Бағдат Есжанов.

Облыс әкімі Гүлшара Әбдіқалықова өңірдегі ірі мұнай және уран өндіруші компания басшыларымен кездесті. Жиында экономиканы дамыту, халықтың әл-ауқатын арттыру ісінде аталған саланың маңызы айрықша екені айтылып, өзекті мәселелер талқыланды.

Мәлдір ҚАЛЫМБЕТ,
«Сыр бойы».

Бүгінде облыстың барлық өнеркәсіп өндірісінің 70 проценттен астамы тау-кен саласының үлесінде. Есепті мерзімде 1,2 млн тонна мұнай өндірілген. Өткен жылмен салыстырғанда 253 мың тоннаға аз. Объективті себептердің салдарынан жыл сайын мұнай өндіру төмендеуде. Сондықтан да мұнай өндіруші компаниялардың алдында өндіру көлемінің жоспарлы көрсеткіштерін ұстап тұру және жыл соңына қарай көрсеткішті кемінде 4,4 млн тоннаға жеткізу межесі тұр. Ол өз кезегінде облыс тұрғындарының әлеуметтік жағдайына да әсер етпек. Бұл ретте аймақ басшысы төтенше жағдай кезінде мұнай өндіруші компания басшыларын санитарлық шараларға баса мән бере отырып, жұмыс орындарын сақтап қалуға шақырды.

– Өлемде коронавирус пандемиясының таралуына байланысты энергия тасымалдаушыларға деген сұраныс пен жаһандық экономикалық рецессия аясында көмірсутегі бағасы едәуір

төмендеген. Сондай-ақ, инвестиция көлемінің де күрт төмендеуі байқалады. Құрылыс және барлау жұмыстары салаларына қаржы қысқартылды. Мұның бәрі сервистік компанияларға кері әсерін тигізіп отыр. Сондықтан мұнай бағасы тұрақтанған кезде және карантин уақыты аяқталғаннан кейін сервистік қызмет көрсететін мекемелердің жұмыс ауқымын, оның ішінде геологиялық барлау жұмыстарының көлемін ұлғайту мүмкіндігін қарастыру ескеру қажет, әйтпесе ол инфекцияның жана ошақтарының пайда болуына әкелуі мүмкін, – деді облыс әкімі.

Бұған қоса кездесуде отандық тауар өндірушілерді қолдау және бизнестің әлеуметтік жауапкершілік мәселелері қаралды.

– Бүгінгі таңда мұнай-газ операторлары тарапынан өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған аударымдардың бюджеттің кіріс бөлігіне түспей қалу қаупі бар. Осы орайда әлеуметтік міндеттемелерді

уақытылы төлеу қажеттілігін ескерткім келеді. Өңірдің тау-кен өндіру саласындағы барлық қойылған мәселелерді шешуде күш-жігерімізді біріктіруге шақырамын, – деді аймақ басшысы.

Сонымен қатар басқосуда мұнай-газ саласындағы күрделі ахуал ескеріле отырып, компаниялардың қаржылық жағдайына кешенді талдау жүргізілгені айтылды. «Қуатамлонмұнай» «БК» ЖШС, «СНПС «Айдан Мұнай» АҚ, «Саутс Ойл» ЖШС, «Қазатомөнеркәсіп «ҰАК» АҚ басшылары атқарылып жатқан жұмыстар мен айдағы жоспарлары туралы баяндады. Нәтижесінде облыс әкімдігі тарапынан «Блиновское» және «Қоныс» кен орындарын рентабельділігі төмен санатқа қосу үшін Ұлттық экономика, энергетика, қаржы министрліктеріне ұсыныстар жолданадыны айтылды. Кездесу қорытындысымен облыс әкімі мемлекеттік орган басшыларына нақты тапсырмалар жүктеді.

Жалпы, елдегі ахуалға қарамастан, мұнай, уран өндіруші және басқа да бірқатар компаниялар жұмысын тоқтатқан жоқ. Олар барлық талапты бұлжытпай орындап, залалсыздандыру, медициналық қорғау шараларын күшейте отырып жақсы нәтиже көрсете білді. Соның арқасында 16 мыңнан астам жұмыс орны мен жалақы сақталды.

ТАҒАЙЫНДАУ

ОБЛЫСТЫҚ ЖОЛАУШЫЛАР КӨЛІГІ ЖӘНЕ АВТОМОБИЛЬ ЖОЛДАРЫ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ

Облыс әкімінің 2020 жылғы 28 сәуірдегі өкімімен Тлеумбетов Мұрат Жолкелдіұлы Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы лауазымына тағайындалды.

Мұрат Жолкелдіұлы 1963 жылы дүниеге келген.

1985 жылы Жамбыл гидро-мелиоративтік құрылыс институтын инженер-құрылысшы, 2004 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін экономика мамандықтары бойынша бітірген.

Еңбек жолын 1985 жылы «Қызылордақұрылыс» тресінің жұмысшысы ретінде бастаған. 1988-1993 жылдары – Қы-



зылорда қалалық «Қызылордақұрылыс» тресі ІЖСМ комитетінің хатшысы, Қызылордақұрылыс тресінің «Мақсат» шағын кәсіпорнының инженер-жабдықтаушысы, 1993-1995 жылдары Қызылордақұрылыс тресінің «Айбек»

ОБЛЫСТЫҚ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ

Облыс әкімінің 2020 жылдың 29 сәуірдегі өкімімен төтенше жағдай кезеңі аяқталғанға дейін уақытша Қызылорда облысының білім басқармасының басшысы лауазымына Қасымова Ақзира Бактыбайқызы тағайындалды.

Ақзира Бактыбайқызы 1979 жылы дүниеге келген.

2000 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін физика, қосымша математика



пәндерінің мұғалімі, 2018 жылы Қаржы академиясының экономика және бизнес магистрі мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2000 жылы №15 Қызылорда қалалық гимназияның физика пәнінің мұғалімі ретінде бастаған.

2015-2017 жылдары – Қазалы ауданының білім бөлімінің басшысы, 2017-2019 жылдары – Қызылорда облысының білім басқармасының басшысының орынбасары лауазымында жауапты қызметтер атқарған.

2019 жылдың сәуір айына дейін Қызылорда қалалық білім бөлімінің басшысы қызметін атқарған.

ОБЛЫСТЫҚ ЖАСТАР САЯСАТЫ МӘСЕЛЕЛЕРІ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАСШЫСЫ

Облыс әкімінің 2020 жылғы 28 сәуірдегі өкімімен Жанұзақов Қуаныш Қуантқанұлы Қызылорда облысының жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы лауазымына тағайындалды.

Қуаныш Қуантқанұлы 1982 жылы дүниеге келген.

2005 жылы Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетін қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша бітірген.

Еңбек жолын 2005 жылы Қызылорда облыстық соттар әкімшісінің іс тіркеушісі ретінде бастаған.



2007-2013 жылдары – Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасының бас маманы, бөлім басшысы, 2013-

2014 жылдары – Қызылорда облысы әкімі аппаратының ұйымдастыру-инспекторлық жұмыс және аймақтық даму бөлімінің бас инспекторы, 2014-2016 жылдары – Арал ауданы әкімінің орынбасары, Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары.

2016-2018 жылдары – Қызылорда қалалық ішкі саясат бөлімінің басшысы, 2018-2020 жылдары Қызылорда облысының жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы болып жауапты қызметтер атқарған.

2020 жылдың наурыз айынан осы кезге дейін Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары қызметін атқарып келді.

ЖӨН СӨЗ

ӘРҚАЙСЫМЫЗ
ӘЛЕМНІҢ
БІР БӨЛШЕГІМІЗ

Қиын шақта мемлекетіміз Ата заңымызда айтылғандай, ең қымбат қазынасы адам және оның өмірінің кепілдігі үшін барлық сақтық шаралары мен қолдауларды бірінші кезекте іске асырды.

Карантиндік шектеу енгізіліп, қоғамдық орындар жұмысы мен көпшілік жиындар тоқтатылды. Бұл бірден-бір дұрыс шешім болды. Олай болмаған күнде кеселдің қоғаға тиген өрттей қаулап кететіні кәміл еді. Қаншалықты шектеу қойылғанымен, мемлекет ешкімді қиындықта қалдырмаудың тетіктерін де шешті. Азаматтар мен бизнесті қолдау үшін 6 триллион теңгеге жуық қаржының бөлінуі – осының анық айғағы. Шынайы қолдауды сезінген азаматтарымыз ат үстінен түспей, қауіпке кеудесін тосып халық қызметінде жүрді. «Көктемнің бір күні жылға азық» деген қағидаңы ұстанған егіншілер науқан міндеттерін тоқтатпай, белгіленген тәртіп аясында өз жұмыстарын атқара білді.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев өзінің апта басындағы жасаған мәлімдемесінде карантиндік шектеуді мамыр айының 11-не дейін ұзартуға шешім қабылдағанын айтып, халықты түсіністікке шақырды. Осы кезеңнің асыл мұраты шыдам мен төзім, сабыр мен қанағат екенін еске салды.

Сонымен бірге оқу орындары мен мектептердің қашықтан оқытуды жалғастыра беретіні айтылды. Мен ғылыми жетекшілік жасайтын «Болашақ» университеті мұндай қадамға бұрыннан да дайын болатын. Біздің студенттеріміздің 30 проценті қашықтан оқуға әлдеқашан үйренген. Жақында «facebook» әлеуметтік желісі арқылы студенттерге мемлекеттік сынақтардың қашықтан алынаатынын тағы бір пысықтадық. Бұл тәсіл бойынша алдымен студентке үш сұрақ жіберіледі, ол жауабын 45 минут ішінде кері қайтаруға тиіс. Оның жауап беру сәті қажетті жағдайда тексеріледі, сонымен бірге көшірілмегендігі жөнінен «антиплагиаттық» сүзгіден өтеді. Біз бұл бағдарламаны Мәскеуден 1-бет.

алдырған едік. Қазір оның оқытушыға да, студентке де тиімді екені көрініп отыр. Шәкірт еркін жауап беруге дағдыланады және ешқандай қысымға ұшырамайды.

Дәл осы секілді бүгінде мекемелер мен кәсіпорындардың басым бөлігі қашықтан жұмыс істеу тәсілін меңгеру үстінде. Мұны алдағы уақытта да жалғастыруға тұрарлық әдіс деп есептеймін.

Президент өз мәлімдемесінде «Халықтың қауіпсіздігі үшін жанкештілік танытып жүрген дәрігерлер мен медицина қызметкерлеріне, құқық қорғау органдарының өкілдеріне және әскери қызметшілерге алғыс айтамын. Қауіп-қатерге қарамай мұқтаж жандарға көмек қолын созған волонтерлерге де ризашылық білдіремін. Сондай-ақ, халыққа жедел және шынайы ақпарат таратып жүрген журналистер қауымына алғыс айтамын», – деп ризашылық сезімін паш етті.

Ал, енді осы жанкешті еңбекті бағаламай, тәртіпті белден басып, шектеу ережелеріне бағынбай жүрген қысық-қынырлар да бар. «Қысық арба жол бұзар, қыныр адам ел бұзар» дейді халқымыз. Дәл осы күні өзіңе жақсылық жасау арқылы өзгеге де жақсылық жасаудың маңызы артып тұр. Талап пен тәртіпке мойынсұнуды біз жеке бастың шектеуі емес, кеселдің кең жайылып кетпеуіне қосып жатқан үлесім деп білуіміз керек. Бүгінгі таңда әлемдік ақпар коронавирус жұқтырғандар санын 3 миллионға жетті деп отыр. Жер бетіндегі жеті миллиард адамның бірі өзіміз екенімізді, олардан жұмысымыз бөлек болғанмен, тынысымыз ортақ екенін естен шығармауымыз қажет. Егер терең ойлап қарасақ, осы күндердегі жеке іс-қимылымызбен келешек ұрпаққа қызмет етіп жатқанымызды сезінер едік.

Бастан өткеріп отырған кезеңнің сипатын санамен ұғатын көпшілік қауым мұны бұратартағындарға барынша түсіндіре білейік. «Әр нәрсенің бір қайыры бар» демеуші ме еді, мұсылман. Сол айтқандай, алдымызда жақсы, жарқын күндеріміздің күтіп тұрғаны күмәнсіз.

ПІКІР-ПАЙЫМ

СЫННАН САБАҚ АЛАТЫН
СӘТ ТУДЫ

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 27 сәуірде елімізде қалыптасқан жағдайға байланысты енгізілген төтенше ахуалдың жай-жапсары төңірегінде мәлімдеме жасады. Мемлекет басшысы төтенше жағдай жарияланғаннан бері Қазақстанда індеттің алдын-алу, оның зардаптарын жеңілдету бойынша қыруар жұмыс атқарылғанын атап өтті. Елімізде 4,2 млн адамға қаржылай қолдау көрсетілді, 500 мың адамға азық-түлік таратылды. Шағын және орта бизнестің несиелендіруін кейінге шегеруге байланысты 360 млрд теңге бөлгенін атады. Президент әсіресе жалпы дағдарыс шараларына бөлінген 6 трлн теңгенің тиімді пайдалануына айрықша мән беріп отыр. Бұл түсінікті де. Ел дағдарыс зардабын шегіп отырғанда ақшаның оңды жұмсалуды барынша тиімді болып табылады.

Әрине, әлемді жайлаған дерттің зардаптарын жеңілдету оңайға соқпайды. Бұл орайда Президент Үкіметке үстеміздегі жылдың 11 мамырына дейін дағдарысқа қарсы шаралар бағдарламасын қабылдауды міндеттеді. Төтенше жағдай аяқталғанымен, сақтық шаралары қатар жүргізіле беретін болады. Президенттің атап өткеніндей, қазірдің өзінде “Қазақстан үшін болашақтың бағдары қандай болады” деген маңызды сұрақтың жауабын іздестіруге осы бастан дайындалуымыз қажет.

Қазір көптеген елдерде корона-вирустан кейінгі дәуірдің қандай болатыны жөнінде пікірлер айтыла бастады. Бұл орайда Қазақстанның орны қандай? Президент алдағы уақытта осы сұрақтың жауабы берілетініне сенімді. Үкімет бүгіннен бастап көптеген шараларды қолға ала бастады. Әсіресе аймақтарда көтерме сауда орталықтарын құрудың маңызы ерекше. Бұл елімізде азық-түлік, оның ішінде көкөніс өнімдері бағасын тұрақтандыруға байланысты түйінді мәселелерді шешетін болады. Кеңес

Одағының кезінде көкөніс өнімдерін сақтайтын қоймалар проблемасы шешілмеген еді. Үкімет басшысы бұл орайда 2022 жылға дейін осындай орталықтардың барлық аймақтарда салынаатынын атап көрсетті. Оның тиімділігі баға 25 процентке дейін арзандайтын болады.

Меніңше, дағдарыс бізге көп нәрсені үйретті. Сабақ алдық десе де болады. Ендігі жерде елімізде шикізат өндіруден өзге салаларға мән берілетін болады. Қазақстанда қазір орынды дамып келе жатқан логистикаға өңдеу өнеркәсібі, сондай-ақ, жеңіл өнеркәсібі жақсы серпін береді деген үмітім бар. Өйткені уақыт бізден осыны талап етуде. Бюджеттің негізінен мұнайға тәлініп отырғаны қаншалықты ауыр соғатынын осы дағдарыс барынша көрсетіп берді. Ол бұрынғы дағдарыстардың бірде-біріне ұқсамайды.

Сол себепті де біз бүгінгі сыннан барынша сабақ алуға тиіспіз.

Жанәбіл НҰРҚЫШҰЛЫ,
ҚР еңбегі сіңген құрылысшы.
Қызылорда қаласы.

БАРЛЫҒЫ ЖАҚСЫ БОЛАДЫ

Елдегі карантин уақыты 11 мамырға дейін созылды. Бұл – қажеттіліктен туындаған шара. Әлем болып күресіп жатқан індеттің елімізде етек алып, тарапып кетпеуі үшін тосқауыл қою мақсатында мемлекеттік деңгейде үлкен жұмыстар қолға алынып, атқарылуда. Бұл жұмыстарға қыруар қаржы бөлініп, халыққа көмек көрсетілуде. Карантин режимін біртіндеп жеңілдету шаралары жүзеге асырылып, бірқатар салалар жұмыстарын бастап жатыр. Ал диқан қауымы көктемнің әрбір күнін тиімді пайдалануға қалу үшін барлық қауіпсіздік шараларын ескере отырып, егістік жұмыстарына әлдеқашан кірісіп кеткенбіз.

Мемлекет басшысы «елде енгізілген төтенше жағдай режимінен диқандар еш зардап шекпеулері тиіс» деген болатын. Нақтырақ айтар болсақ, сүдігер жыртылып, алқапқа түрен түсіп, көктемгі егіс жұмыстарына тер төгіп, еңбек ететін шаруа қожалықтар үшін жанар-жағар май бағасын 165 теңге деп бекітіп берді.

Қазір біздің «Байсын» шаруа қожалығы 1000 гектар алқаптың

жартысына жуығына егін егіп, суға бастырып қойды. Жоңышқаға алғашқы орым басталуда. Бүгінде қожалықтың қарқынды жұмысымен 30 адам айналысып жатыр. Алдағы уақытта жұмыс қолын арттыру ойымызда бар.

Көктемгі жұмыстар барысында ең бірінші қиындық тудырған мәселе техникаларымызға қажетті қосалқы бөлшек сатып алу болды. Аудандағы

ондай дүниелерді сататын орындар жабық болуы себепті облыстан алдыруға мәжбүр болдық. Енді, міне, Шиели кентінде де қосалқы бөлшектер сататын сауда орындарына күнделікті белгілі мерзімге жұмыс істеуге рұқсат берілді. Бұл – өте дұрыс шешім.

Президент өз мәлімдемесінде «ауыл шаруашылығы еңбеккерлері қиындыққа қарамастан жұмыс істеуде. Шаруалардың еңбегіне дән ризамыз» дегені белгілі. Диқан қауымы қазіргі жағдайдағы өздеріне жүктелген жауапкершілікті жете сезінеді.

Ал барша жерлестерімді сак болуға, өзін-өзі күтуге шақырамын. Қауіпті кеселден сақтануды бұлжытпай орындаңыздар дегім келеді. Барлығы жақсы болады.

Аят ЕСЖАНОВ,
«Байсын» ШҚ төрағасы.
Шиели ауданы,
Жаңатұрмыс ауылдық округі.

НАЗАРДАҒЫ НЫСАНДАР

ҚАЛА АЖАРЛАНА БЕРМЕК



Жалпы құны 277 млн теңге болатын монументтің қала көрікіне айрықша ажар беретіні анық. Екі жарым гектар аумақты алып жатқан құрылыс нысанында қосымша спорттық ойын алаңдары, су бұрқақтар салынады. Бұрынғыдай жалаңаш күйде емес, жан-жағына түрлі ағаш көшеттері отырғызылып, жасыл газон да төселеді.

Тағы бір қуанышты жана-лық, бес шақырымға жуықтайтын Сұлтан Бейбарыс көшесінен басталатын Тәуелсіздік көшесін Тасбөгет кентіндегі гидротарапқа дейін магистральді жол құрылысы биыл күшіне еңбек. Оған жауапты мердігер мекеме – «Қыран» ЖШС. Былтыр облыстық бюджеттен аталған жол құрылысын салуды бастау үшін 100 млн теңге бөлінген еді. Биыл республикалық бюджеттен 718,4, ал облыстық бюджеттен 5 млн теңге қаржы қаралыпты. Дария бойын жағалай жатқан жолдың бойында 4 автобус аялдамасы, 3 автотұрақ, жаяу жүргінші және веложол да болмақ. Түнгі жарық шамдарды орнату да қарастырылған.

Мұнан соң облыс әкімі Рәміздер алаңы мен Тұңғыш Президент саябағының арасындағы демалыс және денсаулық паркінің құрылыс жұмыстарын да көрді. Негізгі құрылысын «Бак-Береке 2030» ЖШС жүргізіп жатқан

жалпы ауданы 30 гектарды құрайтын саябақ Қорқыт ата атындағы әуежайға аппарат жол бойындағы Рәміздер алаңы және Тұңғыш Президент саябағы арасын қамтиды.

– Былтыр қыркүйек айында басталған саябақтың жалпы жобалық құны 1 млрд 114 млн теңгені құрайды. Мұнда 12 комплексті 6 спорттық ойын алаңы, жастарға арналған сауықтыру орындары, веложол мен жаяу жүргіншілер жолы бар. Саябақтың ішімен арнайы қазылған бетонды каналдың ұзындығы 2 шақырымнан асады. Сонымен бірге, барлығын қосқанда 25 шақырымға жуық аяқсу каналдары тартылып, 20 мың түп тал мен 60 мың гүл көшеттері отырғызылмақ. 80-нен астам жұмысшы осында жұмыс істейді. Бүгінде саябақ құрылысының 900 миллионға жуық қаржысы игерілді, – деді «Бак-Береке 2030» ЖШС атқарушы директоры Қайрат Ерназаров.

Мұнан кейін аймақ басшысы 2013 жылы құрылған 200 орындық автобус паркіне барды. Паркте диспетчерлік және медициналық пункттер, асхана, жүргізушілерге арналған тынығу бөлмелері, газкомпрессорлық бекет, көлік жуу, жөндеу цехтары, автотұрақ бар. 450 адам үш ауысыммен жұмыс істейді.

– Бізде қала аумағында 32 бағыт бар. «Қызылорда автобус паркі» ЖШС тенгеріміндегі 122 автобус 6 қалайшілік

бағыттарда қызмет көрсетсе, қалған 26 бағыт 514 жеке тасымалдаушылармен бірлескен келісім-шарт негізінде қызмет көрсетіп келеді. Оның ішінде үлкен сыйымдылықтағы 122 автобус болса, қалғаны орта және кіші сыйымдылықтағы 514 қоғамдық көліктер, – дейді автобус паркінің директоры Нұржан Ахатов.

Облыс әкімі келесі кезекте темір жол вокзалы аумағындағы саябақ пен «Тағзым» алаңында болды. Бұл екеуі де қайта жаңғыртуды қажет ететін нысандар қатарында. Бүгінде екі саябақтың жаңғырту құрылысы бойынша мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізіліп жатқанға ұқсайды.

Облыс басшысы қалалық мәдени және демалыс саябағында да болып, ішкі жұмысының ахуалымен танысты. 3000 келушіге есептелген саябақ қызметін көбіне жалға алушы кәсіпкерлер жандандырып отыр. 1996 жылы жекешеленген саябақ 2008 жылы мемлекет меншігіне қайта берілген болатын. Былтыр қала әкімінің қолдауымен саябақ алдындағы «Сыр батырлары» ескерткіші ауыстырылып, кіреберіс қапасы қайта жаңғырудан өткен еді.

– Саябақта 93 әртүрлі аттракцион, жазғы кафелер, дүңгіршектер, футбол алаңы мен фотосалон қызметі бар. Кәсіпкерлік қызметпен 78 жеке және заңды тұлға айналысып

келеді. Бүгінге дейін парк аумағында бірнеше түп ағаш көшеті отырғызылып, талдарды өктеу, қоқыстарды шығару, бордиюрларды сырлау жұмыстары атқарылды. Кәсіпкерлерден бөлек, 32 адам паркте штаттық негізде маусымдық кезеңде жұмыс істейді. Сонымен бірге, биыл негізгі штаттық кестеден бөлек, маусымдық жұмысқа қалалық жұмыспен қамту орталығы арқылы 20-дан астам аттракциондарға қызмет етуші және оған көмекші, билет қасирларын, аула сыпырушы қызметкерлерін жұмысқа тарту жоспарлануда, – дейді саябақ директоры Әнуар Нақыпов.

Айта кету керек, қалалық саябақта «Ана мен бала» бөлмесі, полиция бекеті, медпункт, анықтама бюросы да қосымша ашылған. Алдағы екі жылда мұнда жаңадан 9 аттракцион әкелу жоспарланып отыр.

Облыс әкімі сондай-ақ Нұрсұлтан Назарбаев даңғылындағы абаттандыру жұмысын да көрді. Аталған даңғылдың екі жақ бетін Бейбарыс Сұлтан көшесінен Токтар Әубәкіров көшесіне дейін абаттандырды «Асанас-Дар» ЖШС жүргізіп жатыр. Жауапты мердігер бүгінге дейін қарқынды жұмыспен бірікпесін су бұрқақтың құрылысын бітіріп, орындықтар мен коқыс үлгістерін орналастырып үлгерген. Гүлзарлар отырғызу мен көгалдандыру жұмыстарын да еңсеріп келеді.



Суреттерді түсірген Бағдат Есханов.



● ХАЛЫҚТАР БІРЛІГІ

Ұлы дала – бәріміздің панамыз



Қазақстан халқының татулығы мен ынтымақтастығы, бейбітшілігі мен тұрақтылығы – еліміздің ең басты байлығы. Бүгінде ел бірлігі мен тұтастығын сақтап, сан этностың басын қосып, қоғамдық институт ретінде өзінің маңыздылығын дәлелдеген Қазақстан халқы ассамблеясына 25 жыл толды. Елдіктің өлшемі, тұрақтылықтың тұтқасы болған ассамблея біздің бейбіт қоғамның ажырамас бөлшегіне айналды. Содан да болар, елдің қол жеткен табыстарына, біздегі орын алған татулық пен түсіністік жағдайларына әлемдік өркениет қызығушылық танытуда. Бұл – ең алдымен, ауызбіршіліктің, халықтың бірлігінің арқасында жетіп отырған игілікті нәтиже. Осы орайда 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі қарсаңында облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы хатшылығының меңгерушісі Ләйла Төрешовамен сұхбаттасқанды білдіріміз.

– Ләйла Бегалықызы, еліміздегі этностарды бір арнаға тоғыстырып, тұрақтылықты сақтап келе жатқан ҚХА-ға биыл 25 жыл толуда. Ширек ғасыр уақыт ішінде ҚХА түрлі жобалар мен бастамалардың басында болып, елдік мәселелерді шеше білді. Осы ретте облыстық ассамблеяның үлесі қандай?

– Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев атап өткендей, Қазақстан – полиэтникалық мемлекет. Бұл – тарихи қалыптасқан дүние. Тәуелсіздік алғаннан бері біздің көпэтносты халқымыз бейбітшілік пен өзара түсіністікте өмір сүріп, мемлекетіміздің өркендеуіне белсенді атсалысып жатыр. Кез келген мемлекет үшін қоғамдық келісімнің маңызы ерекше.

Биыл Қазақстан халқы ассамблеясына – 25 жыл. Осы жылдар ішінде өңірлік ассамблея өзіне жүктелген міндетті лайықты орындап келеді. Әсіресе, аймақта өмір сүретін этностардың өз мәдениетін, тілі мен дәстүрлерін сақтауға сеп болып, ұлт-



аралық келісімді нығайтуға жұмыс жасауда. Сыр өңірінде Қазақстан халқы ассамблеясының барлық құрылымдары қалыптасып, жемісті жұмыс жүргізіп келеді. Бүгінде облыстық Ассамблеяның құрылымдары қатарына 11 этномәдени, аудандарда 6 этнобағытталған бірлестік, 118 аналар кеңесі, 165 қоғамдық келісім кеңесі, ғылыми-сарапшылық тобы, медиа-кабинеті, Қорқыт ата атындағы ҚМУ-да «Қазақстан халқы ассамблеясы» кафедрасы, депутаттық және кәсіпкерлер тобы, журналистер мен сарапшылар клубы, «Жаңғыру жолы» жастар қозғалысы, қайырымдылық бағытында үйлестірушілік және қолдау көрсету мен волонтерлік орталықтары кіреді. Бүгінде бұл құрылымдар жүйелі жұмыс жүргізіп отырған іргелі әрі ауқымды күшке айналды.

Жыл басынан бері облыстық ҚХА-ның бастамасымен түрлі форматта 86 іс-шара өтті. Оған 30 мыңнан астам аймақ тұрғыны атсалысты.

Ел тарихындағы маңызды оқиғалар ҚХА мен Конституцияның 25 жылдығы, Ұлы Жеңістің 75 жылдығы, Абайдың 175 жылдығы, Әл-Фарабидің 1150 жылдығына арналған шараларды облыстық ассамблея мазмұнды түрде жүзеге асырып келеді. Сондай-ақ, ҚХА Төрағасы, Елбасы ұсынған бастамалар мен рухани жаңғыру аясында қойылған міндеттер және ҚР

Президентінің Жолдауда айқындаған мәселелерін іске асыруда.

– Елімізде орын алған төтенше жағдайға байланысты шаралар мен жұмыстардың көбі тоқтап, кейбірі онлайн түрде өтуде. Сіздерде қалай жүзеге асуда?

– 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесі тәуелсіз еліміздегі тарихи тағылымы терең маңызды күннің бірі. Алайда, биыл мемлекеттік мереке төтенше жағдай кезінде атап өтілетін болады. Елімізде пандемияға қарсы алдын алу-санитарлық іс-шаралар жүргізілуде. Көпшіліктің қатысуымен өтетін ойын-сауықты уақытша шектеу бойынша карантиндік шаралар енгізілді. Бүгінде кешенді жоспар әзірленді. Соған сәйкес, мерекені онлайн форматта және әлеуметтік желілер мен блог-платформалардың мүмкіндігін пайдалана отырып, виртуалды іс-шаралар ұйымдастырылуда. Осыған орай, аймақта жалпы саны 400-ге жуық іс-шара өткізу жоспарлануда және ақпараттық, ғылыми-танымдық, қоғамдық-мәдени бағыттар қамтылады.

Барлық іс-шаралар жергілікті БАҚ-та, әлеуметтік желілерде арнайы хештегтер арқылы жарияланады. Көпэтносты халқымыздың бірлесе жүріп өткен дара жолы, бірге көрген қиындығы мен ауырталығы, бірге қол жеткізген жетістігі, барша отан-

дастарымыздың ортақ рухани игілігі насихатталады.

– Карантин уақытында өңірлік ассамблея тарапынан қоғамдық келісім мен жалпыұлттық бірлікті нығайту бағытында қандай жұмыстар жүріп жатыр?

– Облыстық Қазақстан халқы ассамблеясы өз жұмысын онлайн форматында әлеуметтік желілерден бөлек, енді Youtube сайтында жүргізетін болды. Қызылорда облысы әкімдігінің интернет-аланы 27 сәуір күні жана «Сыр бірлігі» өңірлік ҚХА-ның жобасымен толықты. YouTube арнасындағы жаңа медиалық өнімнің негізгі мақсаты – өңір тұрғындары арасында бірлік, келісім және бейбітшілік идеясын нығайту. Канал 5 бағыт бойынша жұмыс жасайды.

«Жасампаз 25 жыл» бөлімі Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың бастамасымен құрылған Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы, фестивальдар, мәдени күндер, онлайн-концерттер, ұлттық тұрмыстың виртуалды көріністерінен және т.б. материалдар қамтылса, «Татулық тұғыры» бөлімінде аймақтағы түрлі этнос өкілдерінің дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары, асханасы және олардың көрікті мейрамдары «Масленица», «Сабантуй», «Сольналь», «Остерн», «Песах» және тағы басқалары туралы материалдар бар.

Облыстық Ассамблеяның танымал өкілдерінің, белгілі жерлестеріміздің және табысты азаматтарымыздың тарихы, патриотизм, жетістікке жетудің жолдары туралы баяндары «Сырлы сұхбат» айдарында топтастырылды. Егер де қазақ халқының философиясын танып, тілін үйренеміз, Абайдың шығармашылығын оқып, репрессия мен депортация тарихы немесе бірлік пен келісім құндылықтары туралы онлайн-лекция тыңдаймыз деген көрермен «Таным сағаты» бөлімін көре алады.

Қайырымды істер мен Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы волонтерлік орталығының жұмысымен танысып, еріктілер мен белсенді жастардың карантин жағдайында қызылордалықтарға қолдауын көргізіп келсе, «Біз біргеміз!» бөлімінде орналастырылған.

Мамыр айынан бастап «Сыр бірлігі» Youtube видеохостингі мен әлеуметтік желілерде Отан қорғаушылар мен Ұлы Отан соғысының 75 жылдығына орай онлайн байқау, онлайн челлендж, онлайн лекциялар және тағы басқа танымдық шаралар жалғасын табады. Жалпы, бұл канал өңір тұрғындарын бірлік пен ынтымаққа және татулыққа шақырады.

– «Сыр бірлігі» каналының ашылуы – үлкен қуаныш. Көрермені көп болсын дейміз. Айтулы мерекеге орай оқырмандарымызға арнап ізгі лебізінізді жолдасаңыз...

– Біздің байлығымыз, құндылығымыз – бірлік, татулық, достық. Ең бастысы – этнос өкілдерінің ауызбіршілігі мен татулығы құр жалаң, ұран сөздер емес. Қайсыбір жеңісті алып қарасақ, ол қазақстандықтардың мызғымас береке-бірлігі мен қажыр-қайратының арқасында келгенін аңғарамыз.

Ғасырлар бойы тағдыр тұлкегіне ұшыраған этностарды құшағына сыйдыра білген қасиетті Ұлы Дала көптеген ұлыс пен ұлттың құтты қонысына айнала білді. Қазіргі таңда бірлігі берекелі, ынтымағы жарасқан елдің ғана ырысы мен табысы мол болатынын жаһандану дәуірі көрсетіп отыр.

Осы орайда, біз қазақы қаймағы бұзылмаған Сыр өңірінің бірлігі мен әрбір азаматтың Отанға деген сүйіспеншілігі, халқымыздың достығы мен өзара түсіністігі әрдайым берік болып, бірлігіміз мәңгі жасай берсін!

Әңгімелескен
Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

● КӨҢІЛ АЙНАСЫ

Жақында әлеуметтік желіге жүрек тебірентерлік бейнежазба шықты. Бас-аяғы 2 минутқа жетпейтін жіптіктей баянда шешен қызының әңгімесі «Күрметті қазақ достарым! Біздің түріміз бөлек болғанмен, сіздер бізге бауырсындар» деп басталады.

«Құрт пен бауырсақты сағындым»



Одан әрі:
– Қасиетті Сыр елі қиын кезде біздің бабаларымызға пана болды. Сіздерге деген ықыласымыз айрықша. Біз осы уақытқа дейін ақ құрт пен сары бауырсақтың дәмін, қазақ домбырасының үнін жүрегімізге сақтап келеміз. Сыр бойының халқына шексіз алғысымды айтамын. Арамыздағы сыйластық арта берсін, – деп лебізін қазақша жеткізді.

Ойын орыс тілінде жалғап:
– Мен құрмет тұтатын қазақ халқы. Сіздерге бақытты балалық шағым үшін, адамзаттың барлығын туған бауырдай жақсы көруді үйреткеніңіз үшін рахмет! – делі.

Оның көңіл айнасы – көзінен туып-өскен жерге деген сағынышы байқалады. Жүрекжарды тілегін бастауыш сыныпта оқып жүріп қазақ тілінен пәндік олимпиадаға дайындалғанда жаттаған өлеңімен қорытындылады.

– Қазақстан дейтін менің бар елім,
Жатыр алып жарты дүние әлемін,
Бұл даланы анам жаспен суарған,
Бұл далада атам қолға ту алған,
Бұл даланы көріп алғаш қуанғам,
Бұл далада өскен жанда жоқ арман!

Әлеуметтік желіде тарихи Олдарына қоныс аударған өзге ұлттардың қазақ еліне алғыс айтқан мұндай жазбалары жиі жарияланады. Қиын-қыстау кезінде ұлы даладан пана тапқан ата-бабалары қазақ халқына құрмет көрсетуді ұрпақтарына айтып кеткен. Тарихқа зер салсақ, депортация жылдарында шешен ұлты да көп қиындық көрді. Бейнежазба кейіпкері туралы деректерді іздестіруге облыстық ассамблеядағы әріптесіміз Әсел Абзал көмек көрсетті.

Оның аты – Марема Исламқызы Губанова. 1992 жылы Жосалы кыстағында дүниеге келген. Сондағы 250 мектеп-лицей тұлғегі. Алматы медицина институтында оқыған. Қазір отбасымен Шешенстанда тұрады. Серноводск аудандық аурухана-сында еңбек етеді әрі Горск аграрлық-техникалық университетінде сырттай оқиды.

Сан ұлтқа саялы бәйтерек болған Сыр еліне сағынышын жеткізген Маремаға бізде туған жердің сәлемін жолдаймыз.

● ӘРІПТЕС

«Бір күні қазақша мақала жазамын»

Кирилл Денисов есімі көпшілікке «Қызылординские вести» газеті арқылы таныс. Ұлты орыс болса да, қазақ тіліне жүйрік. Айтуынша, қазақ тілін көшеде жүріп үйренсе керек.

Сb Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы».

– Теренөзек кентінде туып-өстім. Атам Николай мен әжем Людмиланың тәрбиесін алдым. Олардың қазақ халқына деген құрметі ерекше болды. Қазақ тілі менің бойыма көшеден сінді. Оның үстіне ауылдағы көршілерімнің барлығы қазақ отбасылары еді, – дейді ол.

Кириллдің жақсы журналист екенін білсекте, оның спорт шебері екенінен хабарымыз жоқ екен. Әңгімелесу барысында біраз жыл хоккейден облыстық құрамада болып, ел чемпионатында үздіктер қатарынан көрінген. Тілшінің ендігі бір қыры – сурет түсіруге деген әуестігі. Табиғат аясында жүргенді ұнататын ол жыл сайын Қаратау бөктеріндегі табиғат көріністерінен фоторепортаж жасауды әдетке айналдырған. Балық шаруашылығы маманының тілшілікке қалай келгенін де сұрадық.

– Теренөзекте №36 Ә.Тәжібаев атындағы мектеп-лицейін бітірісімен Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-технологиялық университетінде балық шаруашылығы мамандығын тәмамдады. Мұнда келгеннен кейін біраз уақыт жұмыссыз жүрді. Анам Наталья Денисова – журналист. Ол кісі менің кітап оқуға, шығармашылық жұмыстарға бейім екенімді біліп, ұсыныс айтты. Сол кісінің ықпалымен ойға түйгенімді, білгенімді қағаз бетіне түсіріп жүрген жайым бар.

Кирилл өз халқының мәде-



ниетімен қатар қазақы дәстүрді де қадір тұтады. Әсіресе, сәбидің үлкен өмірге қадам басар сәтін, тұсау кесу рәсімін ерекше ұнатады.

Қазақ халқының үлкенге – құрмет, кішіге ізет көрсетуін, үлкен мен кіші арасындағы сыйластықты ең асыл қасиет деп біледі. Қазақ тіліне, салт-дәстүріне деген құрметін журналист өзінің ауылдың шаңын жұтып, топырағында аунап өскендігімен, ата-әже тәрбиесін көргендігімен байланыстырады.

Бүгінде Кирилл бос уақытында қазақша мақалаларды оқиды. Әңгіме арасында «Бір күні қазақ тілінде мақала жазып қалармын» деген ойын жеткізді. Білімі, тілі жетік болса, қазақша ойлай білсе, неге жазбасқа?! Тілші алдағы уақытта өзі еңбек етіп жүрген сала бойынша білім алуды көздейді. Жұбайы Валерияға қазақ тілін үйретіп жүрген ол қызы Елизаветаға да тілді ментертпек.

Талпынысымен көпке үлгі болған Кирилл қазақ тілінің дамуына қосқан үлесі үшін 2018 жылы облыс әкімінің «Жыл патриоты» номинациясымен марапатталса, 2016 жылы республикалық «Тіл парасаты» байқауының жеңімпазы атанды. Облыстық «Русская община Казахстана» КҚ филиалының белсенді мүшесі ендігі жерде ҚХА-ның мүшесі болуды мақсат еткен.

● ЖАРАСТЫҚ ЖОЛЫ

1 Мамыр – еліміздегі ең жарқын және мерейлі мейрамдардың бірі. Ел аумағында тұрып жатқан жүзден астам ұлт пен ұлыс өкілдері киелі қарашаырақта тату-тәтті, береке мен ынтымақта қуырып кешіп келеді. Сондықтан бұл мерекенің маңызы зор.

Мақсат – ортақ, мүдде – бір



Қазақстан – біздің ортақ шанырағымыз. Оны қадірлеу, қасиетін арттыру, бірлігі мен тұрақтылығын сақтау – баршамыздың міндетіміз.

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев үнемі келісім мен бейбітшілік болған жерде ынтымақтың болатынын, елдің алға жылжытынын айтып, қазақ халқының айналасына бірігуге шақырды. Соның негізінде қазақ жерінде тұрып жатқан барша ұлт пен ұлыс бір отбасыға айналды. Оларға барлық жағдай жасалды. Салты мен дәстүрін сақтау, тілін жоғалтпау, мәдениетін жаңғыртуға мүмкіндік берілді, әрбір ұлтты теңдей құрметтеуге үйретті.

Сыр өңірінде қырғыз этномәдени бірлестігі 2010 жылдан бері елдегі этносаралық келісімді нығайту жолында жұмыс жасап келеді. Осы ретте, мен еліміздегі бірлік пен келісімнің нышаны болып жүрген Қазақстан халқы ассамблеясына алғысымды білдіремін. Себебі, ширек ғасырға жуық тарихында ауызбіршілік пен түсіністіктің, тұрақтылық пен берекенің бастауы болған ҚХА арқылы ынтымағы жарасқан елімізде бірлігіміз бекемделіп, шынайы ықыласымыз, сыйластығымыз артуда. Бір мақсат, бір мүдде болып кездескен халқымыздың достығы берік болып, еліміздің даңқы арта берсін!

Сақтап берген ЖҰБАТҚАНОВ,
қырғыз этномәдени бірлестігінің жетекшісі.

Ширек ғасыр шежіресі



Қазақта «Тату елдің тұғыры биік болады» деген сөз бар. Қазіргі таңда еліміз ырысы мен ынтымағы жарасқан тұғыры биік, орнықты мемлекетке айналды. Осы орайда елдің бірлігін сақтап, тұрақтылығын арттыруда Қазақстан халқы ассамблеясының маңызы зор. Биыл берекенің бастауы, бірлігіміздің өзегі болған ҚХА-ның құрылғанына 25 жыл. Елмен бірге есейіп, қатар өсіп келе жатқан бұл орган ширек ғасырға жуық уақытта азаматтық қоғам институттарын дамыту, мемлекеттік басқаруды жетілдіру бағытында ұтымды ұсыныстар жасай отырып, стратегиялық мәнге ие бір-қатар құжаттардың қабылдануына бастамашы болды. Сондықтан да болар, Қазақстанның қуатты тетігі, қоғамдық келісімнің бірегей институты ретінде ассамблея – барша әлемге үлгі.

этностардың бірлігін, татулығын сақтау жолында еңбек еттім. Зейнетке шықсам да елдегі жағдайды назардан тыс қалдырған емеспін. Әрбір өзгеріс, жетістік үшін қуанып отырамын. Себебі, біз тамыры бір ұлтпыз. Бүгінде Қазақстан дейтін қабырғалы елде 700 мыңнан аса өзбек тұрады. Оның сыртында біздің мемлекетке келіп жұмыс істейтін, нәпақасын айыратын ағайынның өзі біршама. Ал Өзбекстанда миллионнан артық қазақ ғұмыр кешіп жүр. Екі елдің арасындағы достық қарым-қатынастың, бауырластықтың, ынтымақтың белгісін берік ұстанудамыз. Ғасырдан ғасырға жалғасып келе жатқан осы ұлы достық әлі талай буынды тербететініне бек сенемін.

Осы орайда барлығымызды бір шаңырақ астына ұйыстырып, бірлігімізді арттырып, берекемізді тасытып отырған Қазақстан халқы ассамблеясына деген алғысымыз шексіз. Өйткені, бұл орган барша саяси күштермен, бүкіл аймақтармен байланыс орната білді. Бүгінде Қазақстанның барлық ізгі қадамдарының бел ортасында жүрген орган елмен бірге өсіп, кемелденіп, толыққанды конституциялық органға, ұлт бірлігі идеологиясының басты тірегіне айналды. Бірліктің киелі бесігі, елді ортақ мақсатқа жұмылдырған бірегей тетігі бола білді.

Қазақ елінің осы күнге дейін жеткен жетістіктерінің негізгі кілті – халық бірлігінің нәтижесі. Түр-түсіне, тілі мен діліне бөлінбей тірлік кешкен ел бақытты. Біз әрқашан ұлтаралық қатынас, татулық, бірлікті қолдаймыз. Сол бірлігіміз бен ынтымағымыз арта берсін!

Ашур ХАМИДОВ,
зейнеткер,
өзбек этномәдени
бірлестігінің
мүшесі.

Ассамблеяның әр сессиясы елдіктің белгісіндей. Мәселен, 1995 жылғы маусымда өткен екінші сессияда демократиялық бағыт айқындалып, Конституцияда нәсіліне, ұлтына, дініне қарамастан барлық азаматтар құқықтарының теңдігіне кепілдік берілуіне, этностық, тілдік, мәдени, діни әралуандылықты мойындау негізінде қазақстандық бірегейлік пен бірлікті қалыптастырудың азаматтық қағидаттарының бекітілуіне ассамблея үлкен үлес қосты. 1996 жылы өткен ассамблеяның III сессиясында мемлекетаралық ықпалдасуды жетілдіру, егемендікті нығайту және қазақстандық патриотизмді қалыптастыру мәселелері талқыға салынды. Қазақстан азаматтарының ұлттық идея айналасында ұйысуы маңызды екендігіне басымдық берді.

Ал 1997 жылы «Тарихи зерде, ұлттық келісім және демократиялық реформалар» деген тақырыппен өткен төртінші сессияда саяси қуғын-сүргін тарихын зерделеу, құрбандарды ақтау мәселелері көтерілді. Әр этностың жоғалтқан жақсыларын жария түрде еске алуына мүмкіндік беру – кезі келген шара және сол

сәттегі тарихи қажеттілік еді. ҚХА-ның саяси қуғын-сүргін құрбандары күніне арналған «Тарихтан тағылым – өткенге тағзым» атты халықаралық жобасы біздің өңірде де қолдау тауып, облыстық ассамблея оны белсенді жүргізді. 2007 жылы Конституцияға өзгерістер енгізіліп, ҚХА-ның қоғамдық-саяси рөлі арта түсті. Айта берсек, әр жыл сайын сессияда маңызы жоғары, ауқымы кең мәселелер шешімін тауып келеді.

Елімізде ұлттар мен ұлыстардың жақсы өмір сүруіне барлық жағдай жасалған. Оның дәлелі Тәуелсіздік жылдарында көңілі дархан, кең-байтақ қазақ даласын мекен еткен бірде-бір ұлыстың өкілі өзінің туған тілін жоғалтқан жоқ. Саны ең аз саналатын этнос өкілдеріне дейін тілі мен ділін сақтап, қал-қадірінше дамытуына барлық жағдай жасалып келді және жасала бермек.

Біздің аймақта 11 этномәдени бірлестік бар. Әрқайсысы өз дәстүрін, тілін дәріптеп келеді. Бүгінде қазақ халқының мәдениетін, мемлекеттік тілді меңгеруге де басым мән беруде. Бұл ретте облыстық ҚХА-ның атқарып отырған жұмысы орасан зор. Өйткені облыстық

Қазақстан халқы ассамблеясы өткізген іс-шаралардың танымдық, тәрбиелік мәні ерекше. Мәселен, соңғы жылдары Қазақстандық бірегейлік пен бірлікті қалыптастыру бойынша Алғыс айту күні мерекесі облыс көлемінде жоғары деңгейде ұйымдастырылып, жалпы халықтық сипат алды. Этнос өкілдерінің балаларына мемлекеттік тілді үйретуге бағытталған «Мың бала» республикалық мәдени-ағарту жобасы, «Достық үйінде» тілдерді оқыту кабинеті де жүйелі жұмыс жүргізуде. Әрбір этномәдени бірлестіктің мәдени күндері, әр этностың: Наурыз, Құрбан айт, Рождество, Сабантой, Сольналь, Остерн, Песах, Масленица, Пасха сынды ұлттық мерекелері тұрақты түрде кеңінен аталып өтіледі. Бұл облысымыздағы барлық этностардың ауызбіршілікте өмір сүруіне, қоғамдық келісімнің берік нығаюына үлкен ықпал ететіні сөзсіз.

Өзім 1995 жылдан бері Қазақстан халқы ассамблеясының мүшесімін. 1994 жылдан 2016 жылға дейін өзбек этномәдени бірлестігінің төрағасы болдым. Екі мәрте қалалық халық депутаттары кеңесіне депутат болып сайландым. Сол уақыттан бастап өңірдегі



Қауіпті кесел бас көтергелі бері дәрігерлер мен психолог мамандар ауру жұқтырып алмаудың бір амалы – көтеріңкі көңіл-күй екенін айтуда. Оқшаулауда отырған адам уақыт өткізу үшін рухани азық болар дүниелер іздейтіні анық.

«СЫР ШАҢЫРАҒЫ» – ШАТТЫҚ АРНАСЫ

Осыны ескерген облыстық мәдениет басқармасы түрлі форматта мәдени онлайн іс-шаралар ұйымдастыруда. Бұл ретте әлеуметтік желілерге тіркелмеген тұрғындар үшін «Youtube» бейнехостингінен «Сыр Шаңырағы» каналы ашылып, логотипі бекітілді.

«Сыр шаңырағы» каналы – аймақ тұрғындарына ғана емес, Сыр өнерін Қазақ елінің әр шаңырағына насихаттаушы алаң.

Бүгінде Сыр шаңырағына түрлі бағыттағы 107 онлайн-

шара енгізілді. Қазіргі уақытта каналдың қаралымы – 5703, тіркелгендер саны – 1420.

Аталған әлеуметтік желіге «Біз біргеміз!» айдарымен елімізге танымал, Сыр елінен шыққан белгілі өнер иелері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткерлері Кеңес Дүйсекеев, Алмас Алматов, Елена Әбдіхалықова, Рамазан Тайманов, Қазақстанның еңбек сіңірген артисі Қарақоз Ақдәулетованың үндеулері, «Театр – өмір айнасы», «Асыл мұра»,

«Жыр мұра», «Балаларға базарлық», «Алдаспан» «Айтұмар» айдарларымен шаралар және поэзия, шеберлік сағаттары, онлайн-концерттер, экскурсиялар, т.б. жарияланды.

Облысы әкімдігі сайтының «Оқиғалар күнтізбесі» бөліміне 1 мамыр – Қазақстан халқының бірлігі мерекесіне орай өткізілетін 9 шараның, 7 мамыр – Отан қорғаушылар, 9 мамыр – Ұлы Жеңіс күніне арналған 12 шараның қандатпасы енгізілді.



Қармақшы ауданы III Интернационал ауылында сан ұлт өкілдері тұратыны бүкіл елге белгілі. Бейбітшілік пен бірліктің мекеніне айналған ауыл – көпшілікке осы ерекшелігімен үлгі. Ауыл – татулығы жарасқан ағайынмен сәнді. Мұнда тұратын әр отбасы бірлік пен ынтымақты, ауызбіршілікті ту еткен.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы».

Татулығы жарасқан

Солардың бірі – Евгений Пухнатов пен Зейнап Мурсалованың отбасы. Отанасы Зейнаптың ұлты түрік. Ол ауылдағы №108 орта мектебінде ұстаздық қызмет атқарады. Балаларды білім нәрімен сусындатып жүрген Зейнаптың еңбек өтілі 14 жыл. Ұжым ортасында беделі биік. Үнемі ізденіп, жанаңылдыққа ұмтылатын оның шәкірттері де зерек. Ал, жары Евгений Пухнатовтың ұлты татар. Бүгінде отағасы «Достық» ЖШС-да жұмыс істейді. Бала күнінен еңбекке бейім Евгений түрлі шаруашылықтарда жұмыс істеді. Техника тілін еркін меңгерген ол қазір серіктестік комбайншысы. Жаны жомарт азамат ауыл халқына қол ұшын созулан аянып қалған емес. Егінін орады, техникасын жөндеп береді. Үлкенге құрмет көрсетіп, кішіге білгенін үйретіп, тіндіктен ауылында сыйлы.

Евгений мен Зейнап 2006 жылы отбасын құрды. Қазір үш бала тәрбиелеп отыр. Пухнатовтар отбасы қазақы салт-дәстүрлерді берік ұстанады. Мерекелерде ақ дастарханын жайып, ұлттық тағамдарды пісіріп, ағайын-туыс, көрші-қоландармен бас қосады. Зейнап қазақтың

ұлттық тағамдарын ерекше дәмді етіп жасайды. Дәмді ас пісіруді енесінен үйренген. Жас келін болып түскенде ұлттық тағамдарды қалай жасау керектігін, қазақы салт-дәстүрлерді берік ұстауға баулыған. Міне, осылайша енеңің тағылымды тәрбиесін алған келін көпшіліктің алғысына бөленіп жүр.

– Біздің ата-бабамыз қиын сәтте қазақ жерінен пана тапты. Әр қазақ отбасы өзге ұлт өкілдеріне қамқорлық танытты. Бауырына басып, туысындай қабылдады. Соның арқасында ұлттар арасында ынтымақ орнады. Біздің аядай ауылдың өзінде қаншама ұлт тіршілік етіп келеді. Бір шаңырақ астында, бір үйдің баласындай аралас-құралас боп кеткен. Барлық ұлт пен ұлыстың құқығы тең дәрежеде сақталған. Қазақ жерінде өсіп-өніп жатқандарды мақтан етеміз, – дейді Зейнап.

Ұлы Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп» деген өсиетімен сан ұлтты бір арнаға тоғыстырған қазақ жері бейбітшілік мекеніне айналған. III Интернационал ауылы сол мекеннің бір бөлшегі іспетті.

Қармақшы ауданы.

Бапкер бақыты

Евгенийді қазақшаға мұншалықты жетік деп ойламаған едім. Даусын созып «Ассалаумағалейкум!» деп нақышына келтіріп сөлемдесті. Аузын ашса, жүрегі көрінетін қазақы қалыппен хал-жағдайымды, отбасымның амандығын сұрағанда бұрын-соңды жүздеспеген осы азаматты жақын тартып қалғандаймын.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
«Сыр бойы».

Евгений Курбатов Жақсықылыш кентінде дүниеге келген екен. Осы елді мекендегі № 19 қазақ орта мектебінің орыс класында, кейін Арал қаласындағы № 14 орыс мектебінде білім алған. Анасы Татьяна Дмитриевна – 40 жыл оқушыларға орыс тілінен дәріс берген зейнеткер ұстаз. Бүгінгі таңда ұзақ жылғы еңбегінің жемісін татып отырған асыл ана, немерелерінің сүйікті әжесі. Өзге құрдастарындай асық ойнап, ләңгі теуіп ержеткен Евгений ауыл баласына тән кеңпейіл дағды, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсетуді бойына сіңірген.

Өмірден асқан мектеп болмасы белгілі. Ақ басты шыңдай жал-жал боп үйілген тұз жотасына көзі қанығып өскен Евгений еңбектің наны тәтті екенін жастайынан түйсінді. Алғашқы еңбек жолын «Аралтұз» АҚ-да қарапайым жұмысшы болып бастап, шарболаттай шыңдалды.

Алайда сонау бала кезінен арманына айналған спортқа деген қиштарлық ақыры өз дегенін жасатты. Қ.Жұбанов атындағы мемлекеттік университеттің дене шынықтыру және спорт факультетін аяқтаған Евгений

Курбатов енді өзі де өрендерді спортқа баулуға кірісті. Қазақ қызы Гүлмира Сәрсенбаевамен сезімі жарасып, шаңырақ көтерді. Өмірге алтын асықтай перзенттері келді. Айтпақшы, ерлі-зайыпты Евгений мен Гүлмира екеуі де № 20 Арал аудандық балалар-жасөспірімдер спорт мектебінде волейболдан жаттықтырушы болып жұмыс істейді. Шәкірттері биікті бағындырып жүр. Кезінде облыстың құрама командасының мүшесі атанған Евгений – қазір волейболдан ерлер арасында Арал аудандық құрама командасының аға жаттықтырушысы.

– Евгенийді біршама уақыттан бері танимын. Менің қол астыма жаттыққан шәкіртімнің бірі. Бой-сойы келіскен, тағылымы мол адам. Жұмысына да мығым. Өзі де, келіншегі Гүлмира да аудан спортында орны бар, бұқаралық спортты дамытуға, салауаттылық салтын насихаттауға үлкен үлес қосып жүрген, білікті бапкерлер. Ұжымына, көпшілікке де сыйлы, – дейді Арал аудандық денешынықтыру және спорт бөлімінің басшысы Толыбай Әлжанов.

Арал ауданы.





ӨНІРДЕГІ АХУАЛ

118 адам ауруынан айықты

Кеше таңертеңгі сағат 9.00-дегі мәлімет бойынша облыста COVID-19 вирусын жұқтырғандар саны 198-ге жетті. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жақсылық Әбдұсәметов мәлімдеді.

– Жанадан 11 наукас тіркелді. Наукастардың барлығы Қызылорда қаласынан. Олар індет жұқтырғандармен байланыста болып, карантиндік бақылауға алынған болатын. Қазіргі таңда наукастардың жағдайы біркалыпты, емдерін алуда. Сондай-ақ, вирус жұқтырғандармен байланыста болған 2941 азамат анықталды. Оның 1560-ы жақын қарым-қатынаста, 1381-і жанама байланыста болған, – деді ол.

Жалпы Қызылорда қаласында

64, Арал ауданында 4, Қазалыда 3, Қармақшыда 5, Сырдарияда 26, Шиеліде 66, Жанақорғанда 30 жағдай.

Ал осы күні сағат 12.20-дағы мәлімет бойынша аймақта індеттен тағы 3 наукас емделіп шықты. Жазылып шыққандардың біреуі Шиелі, біреуі Сырдария, тағы бірі Жанақорған ауданынан. Осылайша аурудан айыққандар саны 118-ді құрады.

«СБ» ақпарат.

1 АЙ: ДЕРЕК ПЕН ДӘЙЕК

28 наурызда облыста COVID-19 коронавирусы инфекциясымен алғашқы наукас тіркелген болатын. Сол сәттен бергі 1 айдағы ахуалға қосқаша шолу жасап көрейік.

Статистика не дейді:

-28 сәуірде дейін тіркелгендер саны 182-ге жетті;
- Қызылорда қаласында – 48, Жанақорған – 30, Шиелі – 66, Сырдария – 26, Қармақшы – 5, Қазалы – 3, Арал – 4 жағдай.

- 1 айда 110 наукас емделіп шықты;
- наукас анықталғандармен қарым-қатынаста болғандар саны – 2830 азамат.

- 1 айда 284 азамат провизорлық, 1551 азамат карантиндік стационарға жатқызылған.

Жас аралықтарына қарай:

- 14 жасқа дейінгі 20 бала;
- 15-65 жас аралығы –148 азамат;
- 65 жастан жоғары – 14 адам.

Жынысына қарай:

- 93-і ер;
- 89-ы әйел.

Контингентіне қарай:

- 7 мектеп жасына дейінгі бала;
- 18-і мектеп оқушысы;
- 16-сы студент;
- 22-сі зейнеткер;
- 44 азамат жұмыста жүрген;
- 49-ы жұмыссыз;
- 26-сы медицина қызметкері.

Эпид маңысындағы дайындық:

- облыс бойынша инфекциялық 215, провизорлық 245, карантиндік 920 төсек-орын стационарлар дайындалды.

- 3 стационарлы, 1 жылжымалы анализді зерттеу қондырғысы бар;
- тәулігіне 500 талдама жасай алады;

- 1 айда 9527 сынама алынған.

Медицина қызметкерлеріне қандай колдаулар жасалды:

- Президенттің колдау нәтижесінде 481 медицина қызметкері наурыз

айына 63 млн теңгеден астам үстеме қаржы алды;

- “Kazpetrol Group”компаниясы 120 медицина қызметкеріне 100 мың теңгеден – барлығы 12 миллион теңге қаржылай колдау;
- “Ағрарлық несие коорпорациясы” АҚ облыстық филиалы 100 медицина қызметкеріне 50 мың теңгеден – барлығы 5 миллион теңге қаржылай колдау;

- “Назарбаев Университеті жанындағы Әлеуметтік даму қоры” көп-балалы 16 медицина қызметкері отбасына ноутбуктар табыстады;

- жеке кәсіпкерлер колдауымен 300 медицина қызметкері “Қызылорда”, “Селена”, “Достық” қонақ үйлеріне тегін орналастырылды;

- Олар тегін тамақпен және жүріп-түру көліктерімен қамтамасыз етілді.

Тұрғындар қандай әлеуметтік колдауға ие болды:

- облыс бойынша 8355 отбасына 117,7 млн теңге әлеуметтік көмек тағайындалды;

- 53 137 адам 295,8 млн теңге азық-түлік және тұрмыстық заттар жиынтығымен қамтылды;

- “Birgemiz Qyzylorda” қоры арқылы 6 313 отбасына 50 мың теңгеден 1 реттік көмек көрсетілді;

- табысынан айырылған 179 936 адамға 42 500 теңгеден 7 млрд 647,3 млн теңгеге төлем жүргізілді.

Тұрғындарды ақпараттандыру және кері байланыс қалай болды?

- БАҚ беттерінде 2955 материал жарияланды;

- 110 бейнеролик көрсетілуде;

- 4595 материал әлеуметтік желіде орналастырылды;

- сала басшыларының 96 брифингі берілді;

- “400-100” орталығына 20 538 қоңырау шалынып, тұрғындар сауалына жауап берілген.



«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІНІҢ ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІ ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНЫҢ ТАУАРЛАР МЕН КӨРСЕТІЛЕТІН ҚЫЗМЕТТЕРДІҢ САПАСЫ МЕН ҚАУІПСІЗДІГІН БАҚЫЛАУ ДЕПАРТАМЕНТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ ҚАУЛЫСЫ
«28» сәуір 2020 ж. № 11 Қызылорда қаласы

ШЕКТЕУ ШАРАЛАРЫ, ОНЫҢ ІШІНДЕ ҚАРАНТИННІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ ТУРАЛЫ

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 7-1-бабының 1-тармағының 13) тармақшасына, 150-бабының 3-тармағына, «Қазақстан Республикасында төтенше жағдайды енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 15 наурыздағы №285 Жарлығына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қызылорда облысының аумағында коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу және халықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында 2020 жылдың 3 сәуірінен бастап енгізілген шектеу шаралары, оның ішінде карантин 2020 жылғы 11 мамырдағы 00 сағат 00 минутқа дейін ұзартылсын.

2. Кәсіпкерлік субъектілері мен кәсіпорындарға санитариялық-дезинфекциялық іс-шаралар жөніндегі нұсқаулық осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Қызылорда облысының әкімдігіне:

1) халықтың тыныс-тіршілігін қалпына келтіру мақсатында экономиканың жеке-леген салалар бойынша қызметін шектеу шараларын кезең-кезеңмен жеңілдетуді жүзеге асыруды, бірінші кезеңнің басталуы 2020 жылғы 29 сәуірден бастап және екінші кезеңнің басталуы 04 мамырдан бастап эпидемиологиялық жағдай тұрақтанғанға дейін анықтауды;

2) шектеу шараларынан, оның ішінде карантиннен кезең-кезеңмен жеңілдету кезінде жұмысты қайта бастайтын салалар мен объектілерді тізбесін бекітуді;

3) көктемгі далалық жұмыстарды, табиғатты қорғау, ветеринариялық жұмыстарды жүргізуге, ауылшаруашылық, оның ішінде бал ара шаруашылығы іс-шараларына тартылған тұлғалардың көліктерін мемлекеттік тіркеуді растайтын куәліктері (шаруа қожалығы, фермер қожалығы, жауапкершілігі шектеулі серіктестік, ауыл шаруашылығы тауарын өндіруші, несиелік серіктестік және шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорын), жеке куәліктері, сондай-ақ жұмысшылар үшін қызмет орнынан анықтама (мөрмен расталған еркін үлгідегі анықтама) ұсынаған жағдайды қоспағанда, жеке көліктің облыс, қала, аудан және ауылдық аймақ ішіндегі қозғалысын шектеуді ұзартуды;

4) облыс орталығының қоғамдық көлігінің жұмысына шектеуді уақыт бойынша 2020 жылғы 29 сәуірден бастап сағат 06.00-ден 09.00-ге дейін, 18.00-ден 20.00-ге дейін күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режиммен рұқсат етуді;

5) жергілікті атқарушы органдар бекіткен көлік құралдарының тізіміне сәйкес жұмыс орнына дейін пайдаланылатын қызметтік, жеке және жалға алынған көлікті қоспағанда, облыс орталығының, аудандарының, ауылдық елді мекендердің ішінде көліктердің барлық түрлерінің және азаматтардың (оның ішінде жаяу тәртіппен) кіруіне/шығуына шектеуді ұзартуды;

6) авариялық-құтқару, жедел медициналық жәрдем, инкассаторлардың үздіксіз жұмысын және қолжетімділігін қамтамасыз етуді ескере отырып, карантиндік аймаққа кіру/шығу пункттерінің жұмысын жалғастыруды.

Осы орайда көрсетілген санаттағы көлік құралдары бойынша рұқсатты «жасыл дәліз» қағидасы бойынша жүзеге асыруды;

7) карантиндік аймақтар қала бойынша, аудан мен елді мекендер арасында орналастырылған блок-бекеттердегі жүріп-тұруды шектеуді жалғастыруды;

8) Қызылорда облыстық полиция департаменті, Қызылорда облысында орналасқан әскери бөлімдердің сарбаздарын (келісім бойынша) тарта отырып, карантиндік аумақтарды патрульдеуді, коронавирустық инфекциясының 5 және одан жоғары жағдайы тіркелген ауылдық елді мекендерді қоршауды;

9) үкіметтік, жүктік, транзиттік, авиарейстер мен Қызылорда облысының әкімімен келісілген рейстерді қоспағанда, барлық рейстер транзиттік және соңғы станциясы Қызылорда қаласы және Қызылорда облысы болып табылатын жолаушылар тасымалына арналған темір жол байланыстарына тыйым салуды 2020 жылғы 11 мамырдағы 00 сағат 00 минутқа дейін жалғастыруды;

10) азық-түлік көтерме сауда орындарына «азық-түлік дүкендеріне дейін жеткізу» қағидаты бойынша сағат 10.00-ден 18.00-ге дейін күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режиммен жұмыс жасауға рұқсат етуді жалғастыруды;

11) жәрмеңкелердің, азық-түлік, азық-түлік емес тауарлар базарларының, автомобиль, киім-кешек, мал базарларының жұмысын тоқтата тұруды жалғастыруды;

12) бір отбасы мүшелерін қоспағанда, көшелерде және өзге де қоғамдық орындарда үш адамнан артық топпен жиналуды шектеуді жалғастыруды;

13) тізімге қосылған салалардың қызметін алуды және қажетті азық-түлікті, бірінші кезекте қажетті заттарды, дәрілік заттар мен медициналық бұйымдарды сатып алуды, қорқыс шығаруды (жақын радиуста) және жұмысқа шығуды қоспағанда тұрғындардың үйден шығуына шектеу қоюды жалғастыруды;

14) аулаға серуенге шығуды қоспағанда, 65 жастан асқан адамдарға және 18 жасқа толмаған балалар мен жасөспірімдерді тұрғын үйден алып жүретін адамсыз шығуына тыйым салуды жалғастыруды;

15) алып жүретін адаммен балаларды көп қабатты үйлердің ауаларындағы ауалық және ойын алаңдарына кіруге сағат 06.00-ден 18.00-ге дейін бетперделік режимін және әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып (1,5 метрден кем емес) рұқсат беруді;

16) шектеу шаралары, оның ішінде карантин кезінде ұжымдық, жаңаулық (туылған күн, үйлену тойы, құдалық, ауызашар, басқа да дәстүр мен әдет-ғұрып шаралары, т.б.) барлық жиындарға, көріп, тұтан-туыстарға қонаққа баруға тыйым салуды жалғастыруды;

17) шектеу шаралары, оның ішінде карантинді бұзу фактілері анықталған жағдайда өз құзыреті мен Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамалар шегінде әкімшілік шаралар қабылдап, профилактикалық мақсатта бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жариялауды;

18) коммуналдық қызмет және әскери бөлімдерді тарта отырып, эпидемиологиялық ахуал тұрақталғанға дейін аялдамаларды, тротуарлар, көше орындықтарын, облыс орталығы, аудандар мен елді мекендер аумағын дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, өңдеу жұмыстарын жүргізілуін жалғастыруды;

19) Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы қаулысымен бекітілген алгоритмге сәйкес блок-бекеттердегі мамандардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

4. Қала, аудан әкімдіктері және «Атамекен» өңірлік кәсіпкерлер палатасына:

1) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режиммен шектеу шараларынан, оның ішінде карантиннен кезең-кезеңмен жеңілдету кезінде жұмысты қайта бастайтын салалар мен объектілердің тізбесін қоспағанда, діни мақсаттағы объектілердің, білім беру, мәнішік нысанына қарамастан мектепке дейінгі балалар мекемелерінің, қызмет көрсету саласы объектілерінің, сауда үйлерінің, азық-түлік емес сауда орталықтары, оның ішінде жеке тұрған азық-түлік емес дүкендері, фитнес-клубтар, тренажер залдары, спорт кешендері, бассейндер, химиялық тазартулар, кір жуу, фототельелер, фотосалондар, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттіктер, гүлпәшыландыру, ломбардтар, компьютерлік және интернет клубтар, букмекерлік және лото мото қонғолары, билырд клубтары, сүзудік салондары, барбершоптар, спа-орталықтар, студиялар, сауналар, қоғамдық моншалар, көрмелер және басқа да осындай қызмет көрсету саласындағы объектілер, қонақ үй кешендері жұмыстарын, сондай-ақ тәуліктік пәтерлер мен үйлерді жалға беру және алу, үй-жайлардағы балалар ойын алаңдарының қызметтерін тоқтатуды жалғастыруды;

2) шаттаттық режимде жұмыс жасайтын дәрханаларды қоспағанда, азық-түлік гипермаркеттері, оптомаркеттер, супермаркеттер, минимаркеттер, дүкендер, бірінші кезекте қажетті тауарлар (шаруашылық және гигиеналық тауарлар) саудасы жұмысына күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режиммен сағат 10.00-ден 20.00-ге дейін рұқсат етуді жалғастыруды;

3) 65 жастан асқан адамдарды қоспағанда, жеке басын қуандыратын және саяжай уақасесіне мәнішік құқығын растайтын құжаттарды көрсеткен кезде демалыс және мереке күндері сағат 06.00-ден 18.00-ге дейін саяжай алаптарына кіруге/шығуға рұқсат беруді;

4) қала және аудан әкімдігі белгілеген орындарда жеке және заңды тұлғаларға бетперделік режимді және әлеуметтік қашықтықты сақтай отырып (1,5 метрден кем емес) күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режиммен тұқымыларды және көшеттерді сәтүмен айналысуға рұқсат беруді;

5) мейрамханалардың, дәмханалардың, асханалардың және басқа да қоғамдық тамақтану объектілерінің жұмысын «клиенттерге дейін жеткізу» қағидаты бойынша сағат 10.00-ден 22.00-ге дейін күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режиммен 2020 жылғы 11 мамырдағы 00 сағат 00 минутқа дейін рұқсат етуді жалғастыруды.

5. Мәнішік нысанына қарамастан қызметті шектеуді жеңілдетуге бекітілген тізімдегі объектілердің басшылары осы қаулымен бекітілген Нұсқаулыққа сәйкес санитариялық-дезинфекциялық режимді күшейте отырып, эпидемияға қарсы және алдын алу шараларын сақталуын қамтамасыз етсін.

6. Қала, аудан әкімдіктері, Қызылорда облыстық полиция департаментіне Қызылорда облысында орналасқан әскери бөлімдердің сарбаздарын тарта отырып (келісім бойынша):

1) төтенше жағдайда шектеу шаралары талаптарының бұзылуы анықталғанда тиісті әкімшілік шаралар қолдануды жалғастыруды;

2) азаматтардың қоғамдық орындарда, саябақтарда, скверлерде, жағалауларда, көшеде орналасқан балалар ойын алаңдарында және азаматтардың өзге де

демалыс орындарында негізсіз болуына жол бермеу мақсатында енгізілген шектеу шараларын сақтауды патрульдеуді 2020 жылғы 11 мамырдағы 00 сағат 00 минутқа дейін жалғастыруды;

3) коронавирустық инфекцияның эпидемиалық түзеуелі бар адамдардың үй карантині режимін сақтауын бақылауды және провизорлық, карантиндік және инфекциялық стационарларда адамдарды күзетуді жалғастыруды.

7. Қала, аудан әкімдіктері, Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына, облыстық денсаулық сақтау басқармасына:

1) енгізілген шектеу шаралары, оның ішінде карантинді эпидемиологиялық жағдай тұрақтанғанға дейін жалғастыруды;

2) күнделікті термометрия жүргізуді және тексеруді қамтамасыз етуді;

3) коронавирус инфекциясына ұқсас көріністері және дене қызуы жоғарылаған наукастарды (және күлкіті адамдарды) анықтауды және жедел жәрдем келгенше оқшаулауды қамтамасыз етуді;

4) эпидемияға қарсы және алдын алу іс-шараларын сақтай отырып санитариялық-дезинфекциялық режимді күшейтуді және қызметкерлерді жеке қорғаныш құралдарының жеткілікті қорымен қамтамасыз етуді;

5) коронавирус инфекциясы кезінде эпидемияға қарсы және алдын алу іс-шаралары бойынша барлық қызметкерлерді толық қамтып нұсқама жүргізуді қамтамасыз етуді.

8. Қармақшы ауданының әкімдігі, Қазақстан Республикасы Президентінің «Байқоңыр» кешеніндегі Арнаулы өкілінің қызметін қамтамасыз ету басқармасы, Қызылорда облысының полиция департаменті «Батыс Еуропа - Батыс Қытай» халықаралық автомобиль жолында енгізілген блок-бекеттерде Байқоңыр қаласы, Төртатам кенті және Ақай ауылдық округіне кіру/шығуды тоқтатылуын жалғастыруды.

9. Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы және қала, аудан әкімдіктеріне:

1) коронавирустық инфекцияның профилактикасы бойынша Қызылорда облысындағы шектеу шаралары, оның ішінде карантин туралы интернет-ресурстар мен әлеуметтік желілерде жадынамалар тарату, хабарландырулар, инфографика, видеороликтер, жүргіртпе жолдары арқылы және т.б. арқылы жаппай түсіндірме жұмыстарының жүргізілуін қамтамасыз етуді;

2) «Қазпошта» АҚ филиалын қоспағанда, шектеу шаралары, оның ішінде карантин кезінде облыстық және аудандық баспа басшылардың таралымын бастапаларға жазылушыларға дейін жеткізуді қоспағанда таратылуын тоқтатуды және баспа басшылар материалдарын электронды нұсқаларда (сайттарда, әлеуметтік желілерде) жариялауды жалғастыруды.

10. Екінші деңгейдегі банкеттерге, «Қазпошта» АҚ филиалына, айырбастау пункттеріне, пошталық, коммуналдық, телекоммуникациялық қызмет көрсететін кәсіпорындар мен ұйымдарға:

1) банкеттерін ғимараттары мен мекемелерінде, бөлмшелерінде, төлем қабылдайтын орындарда, кассаларда қызметкерлер мен клиенттердің (пирометрлермен, қашықтық термометрмен) температурасын өлшеуді міндетті түрде сақтауды, кезектерде (1,5 метрден кем емес) ара қашықтықты сақтауды, бетперделік режимді, санитариялық-дезинфекциялық талаптар мен ережелерді қатан сақтай отырып, халықты тиісінше қабылдауды ұйымдастыруды жалғастыруды;

2) үй-жайларының ішінде және іргелес аумақта, оның ішінде банкоматтар, кассалар жанында ұйымдастырылмаған кезектердің болуына жол бермеуді жалғастыруды.

11. Қызылорда облысының тұрғындары мен қонақтары эпидемиологиялық ахуал тұрақтанғанша беттерде киюге міндетті.

12. Барлық мемлекеттік органдардың, ведомстволардың, мәнішік нысанына қарамастан мекеме, ұйымдардың, кәсіпорындардың қызметкерлері Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы қаулылары талаптарының сақталуын қамтамасыз етсін.

13. Қала, аудандардың Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлері аумақта енгізілген шектеу шаралары, оның ішінде карантиннің мерзімін ұзартуды және қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, халықтың тыныс-тіршілігін қалпына келтіру мақсатында экономиканың жекелеген салалар бойынша қызметін шектеуді жүзеге асыруды қамтамасыз етсін.

14. «Карантиндік шараларды күшейту туралы» Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 18 сәуірдегі №10 қаулысының күші жойылсын.

15. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

16. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігері А.А.БДИКАИМОВА.

Қызылорда облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 28 сәуірдегі №11 қаулысына қосымша

КӘСІПКЕРЛІК СУБЪЕКТІЛЕРІ МЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА САНИТАРИЯЛЫҚ-ДЕЗИНФЕКЦИЯЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ

Ұжымдарда кез келген корпоративтік іс-шараларға, қызметкерлердің көпшілік іс-шараларға қатысуына тыйым салынады.

Жұмыскерлердің жұмысқа кіруі кезінде – қолды осы мақсаттарға арналған тері антисептиктерімен (оның ішінде орнатылған дозаторлардың көмегімен) немесе дезинфекциялау сулықтарымен өңдеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді және осы гигиеналық процедураның сақталуын бақылауды белгілейді.

Жоқ болу себептерін анықтау арқылы жұмысқа шығуға күнделікті мониторинг жүргізуді қамтамасыз етеді, ЖРВИ, тұмау және басқа да вирустық ауруларға ерекше назар аударылады.

Қызметкерлерді жеке қорғаныш құ

6. «Жұмыспен қамтудың 2020-2021 жылдарға арналған жол картасы», «Нұрлы жер», «Бизнестің жол картасы – 2020», «Ауыл – ел бесігі» бағдарламалары аясында, мемлекеттік жекешелік әріптестік, республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен әліктрмен және жылумен қамту жүйелерін қайта жаңғырту, сумен қамту және судың бұру инфрақұрылымдық, әлеуметтік нысандарды табиғи газға ауыстыру жобаларын жүзеге асыратын мердігер, сондай-ақ авторлық және техникалық қадағалау ұйымдары.



● ҒҰМЫР ФИБРАТЫ

ЖҮЗ ЖАСАҒАН ЖҮРЕКТЕН

Сыр өңірінде Жеңістің 75 жылдығын 16 ардагер қарсы алады. Біз бүгін оқырман назарына соғыс және сәбек ардагері Бөрібай Құлмановтың әңгімесін ұсынамыз.

Сб Дүйсенбек АЯШҰЛЫ, «Сыр бойы».

Тары қорыған баламын

Ол кезде малы бар адам Арка мен Сырдың арасын жайлап жүре береді. Әкем Құлман мал баққан шаруа адам. Жазда Қостанай табанындағы қырда қойын өргізіп, күз түсе Сырға құлаған. 1920 жылы жүгін түйеге теңдеп, қойын айдап келе жатып біздің үй қиын жағдайға тап болады. Қарашаның алғашқы жетісінде қар жауып, борасын соғады. Күзем жүні жаңа алынған қойлар ықтасын таппай суыққа ұрынып, өле бастайды. Дәл сол кезде түйенің қомында келе жатқан анам Зылиқа толғатады. Үйдің менен үлкен баласы Әтек сол кезде он екі жаста. Қойды иіріп біріне бірін жылытып, от жағып жүрген әкем шешем толғатқасын малды тастай салып, шешемнің жайына кіріседі. Сөйтіп, мен 7-қараша күні «Бөрібай» деген құдықтың басында түйенің қомында дүниеге келгенмін. Бұл қойшылардың жолындағы ескі құдық екен. Мүмкін ол бір жақсы адамның аты шығар, әйтеуір суы сарқылмайтын құдық дейді. Сол белгісіз жақсы адамның құрметіне менің атым Бөрібай болған.

Әкем сол жолы Сырға малынан ада боп, астындағы мініс көліктерімен ғана жеткен. Содан кейін қырға шықпаған.

Біздің бұл жақтағы тұратын жеріміз «Зінктер» деп аталады. Сондай колхоз болған. Орны қазіргі аэропорт аумағында. Еңселі төбе болатын, «е-уе» деп дыбыс шығарсаң темірді ұрғандай «зінк» еткен дыбыс естіледі. Ол менің мазамды алмаңдар дейтін аруақтар ма, кім білсін. Сол төбе маңынан ашылып қалған адам сүйектерін көретінбіз. Қылыштың, қалқанның сынықтарын тауып алатынбыз.

Менің бала күнім тары қорумен өтті, ағам оқуда болды. Ол кісі Қызылордадағы агроиндустриялық техникумда оқыған. Бұл Мәскеу оқу орнының филиалы болса керек, өйткені ағам техникумның 4-курсын Мәскеуде оқып, сосын жолдамамен Өзбекстанға барып, кендір зауытында жұмыс істеген.

Әкем қауын-қарбыз егіп, қалаға апарып сатады, тарыны көбірек егеді. Таңғы сағат төртте тұрып шешемнің қолынан бір көсек нан мен бір кесе көже ішіп алам да, тары қоруға кетем. Сол кезде бармасаң торғай тарының ту-талақай қылады. Сонда үйден шығып бара жатып шешемнің алакөленкеде артымынан қарап тұрғанын сезем. Пайдаға жарағымды ойлап, бойымда бір күш пайда болады. Сонда жеті жастамын, сөйтсем, байғұс шешем мені аяп тұрады екен ғой.

Басқа үйлерде екі-үш бала бар, тарыны кезектесіп қориды. Менің ызам келеді. Жалғыз өзім торғай жатқанша тоз-тозым шығып, далақтап жүрем. Інім Қыстаубайдың аяғын апыл-тапыл басатын кезі.

Зінктерде бастауыш мектеп болды. Мен сол мектептің үшінші класын бітіргенде біздің үй қалаға көшті, оқуды «1 Май» мектебінде жалғастырамын. Торғайдан құтылдым деп қуандым, бірақ алдымда тары қорығаным зар қылатын ауыр тағдыр күтіп тұрғанын білгенім жоқ.

Алманың ащы дәмі

Отыз екінші жылы аштық келді. Жерге шөп шықпай қалды. Жұрт малының бәрін колхозға берген. Ешкімнің сойыл жейтіні жоқ. Сол кезде әке-шешем Қыс-

таубай екеумізді ағайындарға табыстап, өздері Өзбекстанда жұмыс істеп жатқан Әтек ағамға кетті. Тамақ әкелмек пе, әлде әуелі ол жақтың жағдайын көріп, бізді қайтып келіп алып кетпек болды ма, оны білмедік. Бірақ, екеуі сол жатқан қайтпады, бара сала бірінен соң бірі қайтыс болады.

Ағайындар бізді балалар үйіне өткізді. Бұл жердің жағдайы да қиын екен. Тамаққа жарымадық. Інім аштықтан әлсіреп, тұмауды көтере алмай үзілді. Анырап мен қалдым, көзжасымды сүртетін ешкім жоқ. Жейтініміз бір кесек нан, сол нанның үстіне қасықпен ботқа салып береді. Ботқа көбірек болсын деп соның көлеміндей тұз араластырып жейміз.

Бір күні балалар айтты. Өзбектің алма бағына түсейік деді. Ол кезде қала темір жол вокзалы мен ескі базардың арасы ғана. Өзбектің бағы шамамен қазіргі жаңа базар тұрған жер. Оны да білмейтінбіз. Бір-екі бала барыпты. Өзбек бақтың ішіне қабақан итін бос жібереді екен. Сол екі баланың біреуін ит талап тастапты. Оны ауруханаға әкеліпті. Біз иттен қорыққан жоқпыз, өйткені ашпыз. Аш адам ештеңеден қорықпайды. Бардық бес-алтаумыз, кішкентайы мен. Басқалар бақты дендеп кетті, мен шеткі бір ағашқа шығып алып көк алманы етегіме сала бастадым. Бір кезде ит абалап берді, балалар зытып келе жатыр. Мен талдан секіріп кеттім, жолда бір терен арық болатын. Сол арықтан өте алмай қалдым, ит жетіп қалған сияқты, қанша тырбандасам да арықтың жиегіне шыға алмаймын. Адам қорыққанда аяқ-қолынан әл кетіп қалады екен.

Әйтеуір құтылдық, жатақханаға келіп, көк алманы құртілдеттік. Әрі тәтті, әрі ащы. Ертеніме біраз бала іші бүрісіп ауырып, жүре алмай жатты.

Сол алманың дәмін әлі күнге дейін сеземін, таңдайымда тұрып қалды.

Сталиннің алдынан өттім

Жасымыз он төртке толғасын балалар үйі шығарып жіберді. Қайда барсаң, онда бар, жұмыс тауып аласың ба, оқу тауып аласың ба, маңдайдың жазуы біледі.

Қызылордада ауыл шаруашылығы техникумы деген бар екен. Соған барып едім, қабылдады. Балалар үйінде оқу болған жоқ, менің деңгейім үш-ақ кластық болатын. Оқу қиын соқты, бір жақсысы тамағы мен жатақханасы бар. Жазда жұмыс істеп ақша таптым. Үшінші курста өндірістік тәжірибеден өту үшін Шымкенттің Келес деген жеріне жіберді. Әрі қарай Өзбекстанға барып, Әтек ағамды тауып алдым. Құшағымыз айқасып, көшеде жылап тұрдық. Мұнылық пен Зарлықтыз. Ағам Шиназ деген жердегі әке-шешемнің бейітіне алып барып, құран оқыды.

Ауылға келіп, техникумді бітірген соң, Сырдария аудандық ауыл шаруашылығы бөліміне жіберді. Ол кезде аудан орталығы осы қаланың ішінде. Бір-екі ай жұмыс істедім. Бір күні әскери комиссариат шақырып, «Әскерге жасы толған, орта білімі барларды әскери училищеге жіберіп жатырмыз, барасың ба?» деді. Ол жақта не күтіп тұрғанын ойлау жоқ, Мәскеуді көргім келді. Бардым. Сөйтіп, 1940 жылдың тамыз айында РСФСР Жоғарғы Советі атындағы Мәскеу жаяу әскер училищесіне түстім.



Әскери тәртіпке де тез үйрендім. Таң атпай тұрып, тары қорып өскен баламын, қимылым да ширақ, спортқа икемдімін. Сабақты да тез меңгердім. Маған қиын соққаны шаңғы болды. Бүкіл-әскерлік шаңғы жарысына қатысуға тиіс екенбіз. Мен шаңғы дегеннің атын де естімегенмін. Әдепкіде өзі сырғанай беретін шығар дегенмін, сөйтсем, аяғың мен таяғыңды бірдей сермесең жүрмейсің екен.

1941 жылдың 1 мамырында Қызыл алаңда шеру өтетін болды. Оған дайындығы мықты әскери оқу орындары ғана қатыса алады. Біздің училище бірнеше сыннан өтіп, шеруге қатысуға дайын болып шықты.

Сап түзеп Қызыл алаңға беттедік. Мәскеу әскери округінің командашысы, генерал Тюленов КСРО Қорғаныс Халық комиссары Тимошенкоға әскери рапорт берді. Бір кезде шеру маршы ойнады. «Саламатсыздар ма, жауынгерлер?!» «Саулығыңызды тілейміз, Қорғаныс Халық комиссары!» – құлақ тұнған дауыстар, денеміз темірдей қатып қалған. Мойнымызды Ленин мавзолейіне қарай бұрып, сіресіп келеміз. Менің көзім Сталинге түсті. Қабағы қатулы, бірақ ерекше бір сенімділік пен өрлік байқалады.

Сол кезде Кеңес Одағының басшылары соғыс болатынын білген болу керек, бірақ халыққа айтпаған. Жаз айында Сенаж көлі маңында әскери жаттығулар өткізіп жатқанымызда соғыс басталды.

Штеттиннен Шығыс Түркістанға

Соғыс бастаған соң училищенің үшжылдық оқуы үш айға қысқарды да, мен лейтенант шенін алып шықтым. Орал әскер округіне жіберді. Челябинскіге жасын маңдағы Шубарколь деген жерге келдік. Қазақтар көп екен. Қайдан келдіңдер десем, осы біздің туған жеріміз ғой дейді. Әдепкіде таңғалдым, сөйтсем, бұл баяғы біздің жерлеріміз екен. Осында Орал жұмысшыларынан құралған 1256-шы полкті жасақтадық. Көп ұзамай Калинин майданына аттанып, Ржев түбінде соғысқа кірдік. Мен минометшілер ротасының командирі болдым. Бұл қалаға немістер мықтап бекінген. Олар Ржевтен айрылсақ, Мәскеуге барар жол жабылады деп санаған. Одан айрылғысы келмеді. Сөйтіп, Ржев үшін болған соғыс он жеті айға созылды. Біз алдымен Сосновка селосын босату үшін екі күн алыстық. Мұнан әрі Петровка дейтін деревняны босату керек болды. Мұның бәрі Ржевті алуға жол ашу еді. Миномет мылтық емес, ататыныңды көзден тұрып жаю әскер училищесіне түстім.

офицерлері еді. Оның мәнісіне сонда түсіндік. Шекарада киімдерімізді ауыстырып, маңдайдағы жұлдызшамыздың орнына айдың белгісін тақтық. Ұлттық азаттық армиясының солдаттары болып шықтық. Бұл жасырын соғыс екен.

600 доллар немесе ауылға оралу

Ішкі қытай әскерімен бетпек келдік. Олар бізді әр жерден келген ерікті мұсылмандар деп қабылдаса керек, немісті жеңіп келген жаужүректер екенімізді қайдан білсін?! Тас-талқан қылдық. Көп ұзамай үндері өшті. Сөйтсек, КСРО Жапонияны тізе бүктіріпті де, содан сескенген Қытай дереу Сталиннің талабына көне кетіпті. Бұл жерде біз білмейтін саясат көп екен.

Сол жатқан қайтарда Жылқыбай деген қазақ офицері екеуміз Шығыс Түркістан уақытша үкіметінің басшысы Әлихан төреге бардық. Ол бізге ризашылық білдіріп, мың доллардан ақша берді. Ондай ақша ұстап көрмегенбіз, қуанып қалдық. Ауылға бірдене ала кетейік деп базарға соқтық. Бір әйел қымыз сатып отыр екен, Жылқыбай екеуміз екі кесесін сімірдік. Сол екі кесе қымыз 600 доллар болды. Ол жақтағыларға американ ақшасының құны көк тиын екен.

Алматыға келгесін, бізбен әскери басшылар тағы да бір-бірлеп сөйлесе бастады. Фашисті көмдік, жапонды жеңдік, Шығыс Түркістанды орнаттық, енді не дейді? «Туған жерімізді көрміз бе, жок па, Құдай-ай» деп білген дұғамызды айтып жатырмыз. Сөйтсек, олар бұл соғыс туралы отыз жыл бойы ешкімге жария қылмайсындар деп көл қойдырып алып жатыр екен.

О, жарықтық, жайшылықта туған жердің қадірін білмейміз ғой. Азартты алты жылды өткізіп, ауылға келгендегі менің қуаныш сезімім қандай болды десеніңізші! Айта алмаймын.

«Барлық жол коммунизмге апарады»

1946 жылы наурыз айында ауылға келісімен өзін бұрыннан білетін обкомның ауылшаруашылық бөліміне келдім. Бөлім бастығы техникумда бірге оқыған Сұңғат Жақыпов деген жігіт екен.

– Обкомпартияға мамандар ауадай қажет болып отыр, партия жұмысын үйрен, – делі ол. Сөйтіп, мен партия комитетінің нұсқаушы қызметіне кірістім. Сол кезде шегірткемен күрес деген өршіп тұрды. Осыған байланысты мені Қармақтың ауданына өкіл қылып жіберді. Ор қазып, сушашқыштар дайындадық. Қаптап келіп қонған шегірткеге су шашса, ұша алмай қалатын, сосын орға құлатып құртамыз. Осылайша ел ырзығын сақтау үшін күрестік. Бұл кезде Әтек ағам отбасымен елге келген, Сырдария аудандық атқару комитетінде қызмет етті.

Келесі жылы мені Алматыға жоғарғы партия мектебіне жіберді. Осында оқып жүріп өмірлік серігім Фатима Абдуллақызын кездестірдім. 1949 жылы Фатима екеуміз Қызылордаға бірге келдік, өз алдымызға үй болғанша Әтек ағаммен бірге тұрдық.

Келе обкомдағы қызметіме кірістім. Облыстық партия комитетінің 1-хатшысы С.Бектелеев деген кісі, 2-хатшы И.Д.Долженко болды. 1953 жылдың басында мені ауыл шаруашылығын насихаттау басқармасы деген құрылым да соған бастық қылып бекітті. Озат тәжірибелерді таратамыз, өндіріске жанаалық ендіреміз, озаттарға сыйлық береміз. Жұмыс осындай. Бірақ, мұнда көп істемедім, күзде Қармақ-

шы аудандық партия комитетінің 2-хатшысы болып кеттім. Аупаркомда бір ғана машина бар еді, оны бірінші хатшы мінеді, біз атпен жүреміз. Хатшымын деп отыратын кез емес, малшылармен бірге жатып, бірге тұрып жұмыс істедік.

Осыдан кейін үш жыл Қармақшы МТС-нің директоры, 1958 жылы Қазалы ауданының 2-хатшысы болып қызмет еттім.

Мен барғанда аудан жағдайы қиын екен, мал көп қырылыпты. Жалпы облыс жағдайы мез емес-ті. Бұл ақпар республикаға жеткен. Ол кезде Қазақстан компартиясының 1-хатшысы П.К.Пономаренко, обкомның 1-хатшысы Жанбаев деген кісі еді. Сол жылы облыс жағдайын өзі көрмек болған Пономаренко Қызылордаға келеді. Жанбаев оны қалаға жақын «Коммунизм» колхозына апармақ болады. Сөйтсе бұл колхозға өзі де бір мәрте бармаған екен. Бұлар қамыс арасындағы лайсаң соқпақтан темір жолға қарай өтетін жер іздеп жүріп адаса бастайды. Жолай бір есек арбамен кетіп бара жатқан шалды тоқтатып, машинадан Пономаренконың өзі түседі де: «Коммунизмге қалай барамыз?» – деп сұрайды. Сонда әлгі шал оған: «У нас все дороги идут на коммунизм», – депті.

Осы сапардан кейін Жанбаев қызметінен алынды. 1959 жылы мен Қазалы аудандық партия комитетінің 1-хатшысы болдым. Осында үш жыл істеп, мемлекеттік партиялық бақылау комитетіне бардым. Әлгі шал айтпақшы, партия қайда жұмаса да коммунизмге баратын жол деп білдік. Елге аянбай қызмет қылдық. Халықпен бірге болдық.

1986 жылы зейнетке шықтым.

Сағыныш және ұзақ жасаудың сыры


Бір ғасыр жасау ілуде бірдің маңдайына ғана жазылады. Үш қызым, олардан тараған ұрпақ бар, ағайыным алқалап ортаға алып отырады, шүкір.

Мен туған күн, мерейтой дегенді ұната бермеймін. 60, 70, 80 жасты атағамым жоқ. Токсанға толарымда куәлі ағайын жылып той жасады, машина мінгізді. Менің туған күнім 7-қараша ғой, құжатта маусым болып жазылып кеткен. Әр жылы қарашаның жетісінде ағайын жылып келіп, құттықтайды.

Қарттық мойнына мінген сағайын сағыныш сезімі де күшіне мінеді екен. Бір күні жанымда отырған қызымның кішкентайы әкемді сағынып отырмын дегенімді естіп, «атаның да папасы болған ба?» депті. Бұлайғыға болмаған сияқты көрінетін жүз-жылдық ғұмырым көз алдымынан күн сайын жүгіріп өтіп жатады. Әкемді, анамды сағынамын, кешегі бірге қызмет еткен азаматтарды сағынамын. Бір сәт қатар отырып әңгіме айтатын қатарымнан ешкім жоқ. Қазақ «қатарын болмаса тойға барма» деп қалай айтқан.

Менің ұзақ өмір сүруім Аллаһның қалауы ғой, біріншіден. Бірақ, сондай сұрақ көп қойылады. Әрине, оған әсер етпей тұрмайтын себептер де бар. Мен соғыстан ауыр жаракат алғанмын, сондықтан дәрігерлер ешқашан дене қимылын үзбегізі деген. Өмір бойы дене жаттығуын тоқтатқан емеспін. Бұрын Сарқыраманы бойлап жүріп, жаттығу жасайтынмын. Қазір 1 мен 3-ші қабат арасындағы баспалдақпен қайта-қайта жоғары-төмен түсіп-шығып жүрмін. Жаман әдетке де, жаман ойға да жолаған емеспін. Жаман ойлау жүйкені бұзады. Бұзылған жүйке ауруға қарсы тұра алмайды.

Жастарға айтарым, елді, жерді сүйіңдер. Еңбекке еріңбендер, ата-ананы құрметтендер. Халықтың алғысын алыңдар. Сонда ғана сенің жолың ашық болады.

“Youtube” бейнехостингінен “СЫР ШАҢЫРАҒЫ” каналы ұсынады



Абай өлендерін бастап оқығаннан-ақ, бірден көзге шалынатын нәрсе – ақын шығармаларындағы түрлі сезім, мінез, ұғым, сыр-сипаттар мен сан алуан ситуациялық сәттердің қайшылықты көрінісі. Жалпы, айналамыздағы тұрмыс-тіршілік қана емес, төрткүл дүниенің тек қана қарама-қарсы құбылыс-әрекеттердің үйлесімінен құрылғандығы хақиқат. Әлемдік тартылыс күші де осынау ұлы диалектика заңына бағынады. Алайда, Абай поэзиясында шектен тыс қоюланған қайшылықтар төркіні қайдан бастау алған?

Мұның өзі ұлы ақын таңдаған әдеби стиль үлгісі ме, әлде өзі қалаған көркемдік әдіс-амалы ма? Осы тектес сұрақтар ойлы оқырмандарды мазаламай қоймайды. Десе де, бұл мәселеге берер сөзбен жауап табу қиын. Бірде өз-өзіне оппозициялық енді бірде антогонистік сипат алып, көріктен шыққан желдей өлеңнің отын лаулата түсетін, бірақ бір-біріне қабыспай ат құлағынша қайшыласқан сөздердің астарында неңдей сыр, неңдей сикыр жатқанын да сезе алармыз ба?

Бұған жауап іздеу үшін, алдымен Абай поэзиясында өте жиі кездесетін қарама-қайшы сарындарды белгілі бір тәртіпке салып жүйелеп көреміз. Солай еткенде ақын өлендерінде қолданылған антонимдік лексика мен оған мәндес, шендесе сабақтасқан ұғымдардың түрлік, тектік немесе категориялық табиғатын толық тани аламыз. Осы мақсатпен Абай шығармаларының мәтініне эксперименттік шолу жүргізгенде, ойшыл ақын қырық шамалы қарама-қайшы сөздер мен сөз тіркестерін қолданғанын және антонимдік лексика оның барлық өлендерінде іріктеп алғандай, оларды өлеңінің кез келген тұсында әр алуан грамматикалық тұлғада емін-еркін пайдаланған. Мәселен, ақын поэзиясында синтаксистік және морфологиялық тәсілдерді жиі қолданған. Бұл қатарда қос сөздер, сөз тіркестері, жалғаулықтар, есім сөздер, үстеулер, етістіктер арқылы жасалған қарама-қарсы сөздер негізгі орынға ие.

Абай шығармашылығындағы қайшылықтарды ғылыми-философиялық категориялар тұрғысынан мынадай негізгі 2 топқа бөлуге болады: 1) Жаратылыс қайшылығы. 2) Әлеуметтік қайшылықтар. Аталған қайшылықтарды іштей тағы бір-неше кіші топтарға жіктейміз.

Алдымен, жаратылыс қайшылықтары ретінде:

а) мезгілдік-мекендік (жаз бен қыс, өткен мен бүгін, алыс пен жақын, күн мен түн, т.б.)

ә) сапалық-физиологиялық (өмір мен өлім, ауру мен сау, адал мен арам, ақ пен қара, жас пен кәрі, аға мен іні, үлкен мен кіші, т.б.)

б) жыныстық (қыз бен жігіт, ер мен әйел, кемпір мен шал) антонимдік қатарын атаймыз.

Ал әлеуметтік қайшылықтардың төмендегі түрлері ақын поэзиясында тұрақты тақырыптық және мазмұндық мотивтер санатына енеді:

а) қоғамдық-әлеуметтік (бай мен кедей, ақылды-надан, көп пен жалғыз, т.б.)

ә) әлеуметтік-психологиялық (махаббат пен ғадауат, дос-дұшпан, арлы-ұяғысыз, иманды-имансыз, үміт-өкініш,

дархан-сараң, күншілдік пен таулық, жалқаулы-еңбекқорлық, т.б.)

б) әлеуметтік-философиялық (ақиқат-жалған, бейнет-дәулет, қанағат-нәпсі, шын-өтірік, мехнат-зейнет, т.б.)

в) әлеуметтік-этникалық (қазақ-орыс, т.б.)

г) әлеуметтік-сапалық (жақсы-жаман, пысық-сынық, қатыгез-момын, пейілді-мейірсіз, арзан-қымбат, бар мен жоқ, аш пен тоқ, т.б.)

е) әлеуметтік-діни (мұсылман-кәпір).

Атап өтетін жайт, бұл аталған қайшылықтар категориясының лексикалық топтары бір өлеңнің өзінде аралас-құралас ұшыраса береді. Айталық, Абайдың бозбала шағында тұрған «Сап, сап көңілім, сап көңілім» атты жаратылыс қайшылығына тиесілі мынадай антонимдік ұғымдар бар:

Күні-түні жай таппай?...
Ауру да емес, сау да емес...

Адалды сатсаң арамға...

Бұл арада мекендік-мезгілдік және сапалық физиологиялық қайшы сөздер қатары алғашқысында қосарлана үн-десіп, риторикалық сауалдың уақытын пысықтап тұр, екіншісінде «ауру-сау» антонимдері болымсыз етістік арқылы жас адам көңіліндегі екіұдай қалыпты танытса, үшіншіде, адал мен арам матаса байланысып, алдыңғы тармақтың (иман мен дәулет бітер ме?) сауалына жауап қатып тұр. Мисалда келтірілген сөздер бір-біріне мәңгілік оппозицияда болғанымен, Абайдың қолданысында олардың қызмет аясы өзгеше міндет – поэтикалық мүддеге бағынышты. Өленде қарама-қарсы ұғымдар ақынның ой еркіне, сезім ырқына көнеді, тұтас өлеңнің негізгі айтар идеясын ашуға септесумен бірге, шығармаға экспрессивтік қуат береді. Абай поэзиясының ғажаптығы да осында! Ақын өлеңіне басты әр беруші – қарапайым, күнделікті естіп жүрген бұқаралық лексика. Бірақ сол халық аузында әбден жауыр болған сөздер ақынның қалам ұшына іліккенде «қар үстінде жүгірген алтайы түлкідей» құлпырып кететіні бар.

Жаратылыс қайшылығынан туындайтын сапалық-физиологиялық мәнге ие ақ, қара, қызыл, сары, жасыл түстердің ақын қолданысында бірде антитезалық шендестіруге ұласса, енді бірде антонимдік параллелдер түзіп, поэтикалық портрет, пейзаждарға контрастылық дарытады, шығарманың эстетикалық жігерін жандандыра түседі. Абайдың қарама-қайшы ұғымдардың ассоциациясын шебер үйлестірген ең үздік туындысы – «Бүркітші» өлеңі бастан-аяқ шендестіруге құрылғаны белгілі. Мұндағы антоним сөз-

дердің бірнешеуі натуралды мәнде кездесе де жеке мағынасы өзгешелеу лексикалық лек бар. Мысалы:

Төмен ұшсам, түлкі өрлеп құтылар деп,

Қандыкөз қайқан қағып шықса аспанға -

деп келетін қос тармақта «төменге» – «жоғары» емес, «аспан» қарсы қойылған. Ал түлкінің жауы – қыран заттанған эпитет «қандыкөз» бейнесінде жазбай танылады. Бұл екі түз тағысының барлық әрекеті өте динамикалы екпін-

Атаны бала аңиды,

ағаны іні -

Ит қорлық немене екен

сүйткен күні?

Абай «Шошымын кейінгі жас балалардан» дегенді бір айтса да, өзінің замандастарына көңілі толмайды. Көбінесе орысқа бодан болып, «өз қоныан өз еркі кеткен» көнтерлі көпшілік пен «бас-басына би болған өңкей қикым» ел азаматтарын сынайды. Оларға ақыл-қайрат берерлік, өзіне көмек боларлық қазыналы, қайсар қарияның жоктығына

АБАЙ ПОЭЗИЯСЫ: МӘҢГІЛІК ҚАЙШЫЛЫҚТАР ҮНДЕСТІГІ

за болғанда кемпір-шалдың Абай поэзиясындағы сұрқында сүйсінерлік орын қалмайды. «Жазғытұры» деген көлемді жырда жастық пен кәрілік шектен тыс қайшылықта сипатталған. Жер жүзі масатдай құлпырып, жан-жануар, адамзат анталасып, күннің көзі елжіреп, жыл құстары келіп, қой қоздап, түйе боздап, қырдағы ел ойдағы елмен араласып, жастар құрбыларымен жайраңдасып жүргендегі мына өлең жолдарының жазасы ауыр – сарказмның сұмдық суреті:

Көрден жаңа тұрғандай кемпір мен шал,
Жалбандасар өзінің тұрғысымен, – дейді Абай.

Осы теңеудің тегеуріні жас пен көрініп арасындағы қайшылықты айрықша асқындырып жібергендей. Демек, бұл жаратылыстың кереғарлық сипаттары қоғамдағы түрлі әлеуметтік және ұлттық қайшылықтармен тұтас қабылданып, ақын қайғысына уыт қосқан. Абай қайшылықты уайымгер болса, соншама үміткер жан:

Осы елде бозбала жоқ сөзді ұғарлық,
Жақсы айғырда бие жоқ ат туарлық.

Әйтеуір ақсақалдар айтпады деп,

Жүрмесін деп аз ғана сөз шығардық.

Жастарға тәрбие түрінде жазылған бір өлеңінде антонимдердің сан-алуан үлгісін кездестіреміз:

Жігіттер, ойын – арзан, күлкі – қымбат,
Екі түрлі нәрсе ғой сыр мен сымбат.
Арзан, жалған күлмейтін, шын құлгерлік,
Ер табылса жарайды, қылса сұхбат.

Мұнда мағыналық жағынан қайшы келетін басқа да (пысық-сынақ, күншіл-тату, алыс-беріс, бай қызы-кедей қызы) лексикалық топтардың коллизиясын көреміз. Абай шағын семантикалық қактығыстардың жиынтығынан параллельдер түзе отырып, мәңгі тіршілік күресінің панорамасын жасауға ұмтылатындай. Ақынның қарама-қарсы мәндегі сөздерді алгоритмдер үлгісінде үйлестіру тәсілдері де көңілге шуақ ұялатардай шырай тапқан. Мысалы, сүйікті ұлы Әбішке арнаған жырында:

«Жасқа-жас, ойға кәрі едің...», «Жаңа жылдың басышы – ол,

Мен ескінің арты едім» депті Абай. Соңғы екі тармақ түгелдей антоним тізбегіне байланған. Қайшы мәндерді қолданып қана қоймай, қой асығынша ойнатқан Абай тіліне таңырқау – біздің парыз. Шығыс шайыры шендестіруге жиі жүгінеді. Бұл тіпті, ақынның сүйікті әдісі десек, қателеспейміз. Академик З.Ахметов

«Абайдың ақындық әлемі» атты зерттеуінде ақынның «Серіз аяғындағы» кездесетін «Максұт – алыс, өмір – шақ» тармағында өмір мен максат ұғымдарының мезгіл кеңістігіндегі ара қатынасын шендестіре бейнелеуін поэтикалық амал-тәсілге жатқызған.

Абай поэзиясы – қайшылықтар галереясы. Ойшыл ақын бостандықты бодандық бұғауы буындырған, бұрынғы жылқы тектес қазақ тұсауға көнген, дымын шығарудан да қалып, дел-сал күйге, дүмбілез қалып-

ұлы ойшыл.

«Алды – үміт, арты – өкініш алдамшы өмір», «Татуды араз, жақынды жат қыларға», «Махаббат, ғадауатпен майдан-дасқан, «Ішім толған у мен өрт, сыртым – дүрдей» деп келетін жыр жолдарында қаншама қайшыласқан өмір шындығы – ақын тағдырының ақиқаты жатыр! «Мыңмен жалғыз алыстым, кіңә қойма!» дейтін соңғы астарлы аманат сөзі де жоғарыдағы көп қырқыстан, тынымсыз жол іздеп, жүдеген, жалыққан, тағы да арпалысқан,

адасқан аяулы ақынның басындағы трагедиялық халді көз алдымызға әкеледі.

Әдебиеттанушы Б.Майтанов «Абайдың мұны» атты зерттеу мақаласында: «Дос-дұшпан», «алыс-жақын», «анда-санда», «жалғыз-жарым» сөздерінің антонимдік мағына алуы, қайсыбірінің мезгіл, сан-мөлшерін әсірелей көрсететін бір тіркеске айналуы, метонимия, сұрау, назалану интонациясы шыңармадағы күрделі ойдың нәзік қалтарыстарын аша суреттеуге мүмкіндік береді. Жалпылауыш мәндегі «қазақ» та, өзге субъектілердің эмоционалдық атауы да нақты бір адамдарды меңземек. Бірақ өмір құбылыстарын терең жинақтау – анық нәрсе. Абай жақсы мен жаманды, ақ пен қараны бірге қосып саралайды», – деп жазады. Әдебиет теоретигінің «Махаббат пен ғадауат» – жүрек кеңістігіндегі ұғымдар. Сонда жүрек сан алуан, тіпті мүлде кереғар сезім, қайшылықтардың мекені. Ал қайшылықтардың таласы – өмір денотатасы...» – дейтін пайымдаулары да осыған саяды. Ғалым Абай өлеңіндегі «періште мен шайтанды» оппозиция бейнесінде көреді.

Абай поэзиясындағы драмалық қактығыстардың бір парасы бай мен кедейдің арасында өрбиді. Ақын байлар қатарында ел жуандарын, билердің парақор семіздерін мысал етіп, бұларға болыс, елубасыларды қосады. Абай өлендерінде таптық қайшылық жоқ, оның есесіне байлық неден, кедейшілік қайдан деген шетін сауалдарға жауап іздейді. «Жаз», «Күз», «Қараша, желтоқсан мен сол бір-екі ай» секілді жаратылыс мезгілдерінің сипатын танытатын көркем туындыларында да бай мен кедей, жалшы тұрмысына мол орын берген. Олардың жаз жайлау, күзеу, қыстаудағы өмір-тіршілігі мезгіл құбылыстарымен шендестірілген. Меңзеу, астарлау, ынғайында келсе де, көбіне Абай өзі білетін өмірдің табиғи қалпын, реалистік сипатын дәл суреттейді. Этнопсихологиялық картиналарды шебер жасайды.

Жалшы үйіне жаны ашып ас бермес бай,
Артық қайыр артықша қызметке орай.
Байда – мейір, жалшыда пейіл де жоқ,
Аңдыстырған екеуін, Құдайым-ай!

Тұжырымдап айтқанда, махаббат пен зұлымдық, жаман мен жақсы, дос пен дұшпан, ақылды мен надан, ер мен әйел, күшті мен әлсіз, жас пен кәрі, көп пен жалғыз, бодан ел мен бостан халық – Абай поэзиясындағы мәңгілік қайшылықтардың алтын арқауы.

Серікбай ҚОСАН,
шығыстанушы, ф.ғ.к.



Осыдан бес жыл бұрын сәуірдің соңғы күндері нағыз өнерді қадірлейтін жұртшылық қазақстандық эстраданың тұтас дәуірін құраған Батырхан Шөкеновті аза тұтты. Ол ұрыс-керіс, өсек-аяң, арзан сенсация, жалт-жұлт еткен папарацилар мен көзбояушылыққа бір табан жақын, қатал да қатыгез ресейлік шоу бизнестің бел ортасында жүрсе де, ізіне сөз ертпеген күйі, мұнтаздай таза қалпында, шынайылықтың шыңынан ауытқымай өмірден өтті.

САҒЫМ ДҮНИЕ СИҚЫРЫ

Б.Шөкенов шығармашылығы туралы мамандар ғана пікір айтуға құқылы. Бірақ оның барлық әнінің аса биік талғаммен таңдалғаны, кәсіби тұрғыда өңделіп, орындалғаны музыкадан түк хабары жоқ қатардағы қарапайым көрерменге де анық байқалып тұратын. Әрине, энциклопедиялардың ішіндегі шоктығы биігі – «Отан-Ана»! Сар даланың дауысын құлаққа келтіретін сырлы саз – «Сағым дүние». Бұл әндерді естігенде тебіренбейтін жүрек, толқымайтын сезім болмайды. Ел мен жерге деген махаббатты осыншалықты нәзік те күшті әуенмен, кең тыныспен, терең тебіреніспен, биік талғаммен жеткізу нағыз әншінің, кәсіби музыканттың ғана қолынан келеді.

Бір сұхбатында Батырхан елімізде дыбыс режиссерларының ұлттық мектебін ашу идеясын ұсынған. Әлемдік деңгейдегі жақсы студия жасақтап, шетелден мамандар шақырып, халықтық, симфониялық оркестрлерді, музыканның түрлі жанрларын жазуды үйрету туралы ойдың көптен бері көкейінде пісіп жетілгенін айтты. «Дыбысты дұрыс жазу арқылы мәдениетті сақтап қалуға болады. Менің арманым Қазақстанда дыбыс студиясын ашып, «Отырар сазы» немесе Құрманғазы атындағы оркестрлерге арнап Құрманғазының барлық күйлерін жазып берер едік. Бұл келер ұрпақтың игілігі үшін керек» деген болатын.

Қазіргі қазақ эстрадасы туралы пікірінен де елжандылығы сезіліп тұр. «Бастысы, біз өзіндік ерекшелігімізді жоғалтпауымыз керек. Әнді жаңаша өңдеудің, клип түсірудің жаңа технологиялары шығып жатыр. Олардан қалып қоймай, керегін алған дұрыс. Бірақ қазақ сөздерін бұрмаламай қолданған жөн. Қазақ тіліндегі ән еуропалық немесе америкалық ән нақышына келмейді. Ал кейбіреулер әнді заманауи етіп өңдейміз деп, бүлдіріп жатады. Ақырында әуен қазақшылығын жоғалтады. Қазақ тілінде ән жазатын композиторлар халықтың қазынасы – фольклорына сүйенсе екен», депті бір сұхбатында.

Қазір Батырханның туған топырағындағы бір кездері Пioneрлер паркі аталған паркте әншінің саксофон ұстаған еңселі ескерткіші тұр. Жыл сайын өткізілетін оның атындағы вока-




листер конкурсы таланттарға өнер әлеміне жолдама бередү. Ең бастысы – тыңдарманның оның шығармашылығына деген қызығушылығы әлі де бұрынғыдай.

Күні кеше «Карантиндегі жұлдыз» жобасы аясында Роза Рымбаева бастаған қазақстандық әншілер Батырханның әндерін шықрап, оны еске алды. Онлайн байланысқа Ресей шоу бизнесінің өкілдері де қосылып, оның кәсіби музыкант, парасаты биік адам ретіндегі бейнесін асқақтататын естеліктер айтты. Туған жердегі ескерткіші гүлге оранды.

«Өнер» деген өрелі ұғымның аясы күннен күнге тарылып жатқан уақытта шынайы да таза әуенді іздейтініміз анық. Әсіре қызылдың тез онатынын білсек те, «өнерде жүрміз» деп кеуде соққандардың талғамнан жүрдай әндері (ән деуге келсе, әрине) әзірге салтанат құрып тұр. Сондайда Батырханды тыңдаймыз, «Отан-Ананы», «Сағым дүниені», «Назқоңырды», «Жан ананы» тыңдаймыз. Тыңдай береміз...

М.МЕРЕЙ.



«Қобыланды батыр» жырларымен қоса көптеген шайырлардың термесі мен ұзақ дастанын, ұлы классиктердің көркем туындысын бірімізден соң біріміз желдірте оқып шығатынбыз. Сөз байлығының құнарлы, тіліңнің шұрайлы болуы сол халық ауыз әдебиеті мен көркем сөздерді көп оқығаннан деп ойлаймын.

Тіліміз жаттығып, көптеген ұлағатты сөз санамызда жатталып қалатын. Қазір ойлап отырсам, біздегі үлкен кісілер сананы рухани жаңғырту дегенді бұрыннан білген екен ғой. Күнделікті үйде пластинкадан, не радиодан Әскербек Еңкебаев, Көшеней Рүстембеков, Шәмшат Төлепованың термесін, Асқар Тоқмағамбетов атамыздың сатиралық өлеңін тыңдап жүріп, ой-санамыз жаңаратын. Сол көне сөзден біз жан дүниемізге гират алатынбыз. Бұрынғы әуенді әндерді жатқа білетінбіз. Ойын-сауықта кай ән басталса да бірге шырықтайтынбыз. Сол сәуелсі мен шұғыласы мол шақтан жатталып қалған аңыз, қисса-дастан, шығармалар ғұмырымызға рухани азық болғаны шындық. Ата-аналарымыз ерекше зеректікке баулығаны сондай, жақсы естелік, ұлағатты әңгіме айтылса, құлағымыз түрік жүретін.

Бір күні көршіміз Өміртай ағаның үйіне халық көп жиналды. Сол күні дастархан үстінде бірнеше бірнеше баланы үлкен ақсақал кісі шақырып алып, маған құлақ берсе, тағы бір балаға тіл, енді

біреуіне көз беріп жатты. Біз мәз болып оңаша шығып жеп жатырмыз. Сол кезде ауылдың қариялары аламды тәнті ететін мысал сөзді, басынан өткен хикаятын көп айтатын. Осы күні де сондай әңгіменің тиегі ағытылды. Білте шамның жарығы әлсіреп, тұн ауғанша біздер де қызығып тыңдай бердік.

Сонда біздерге құлақ, тіл, көз берген атаның әңгімесі маған ерекше әсер еткені бар. Сол кісі бата жасап, басты кесті. Содан соң езуінен кесіп алды да, өзі ауыз тиді. Маған «Мә, балам, құймақұлақ бол, сөз тыңда, үлкеннің лебізін жерге тастамайтын жақсы азамат бол!» деді. Бұл құлақ беру рәсімі екен. Қарияның айтуынша, балаларға құлақ кесіп берудің үлкен тәлім-тәрбиелік және ғылыми мәні бар. Жасынан қарияның қолынан құлақ жеп, өсиетін тыңдап өскен бала үлкенді сыйлап, кішіні аялайтын, сөз қадірін түсінетін, ақылды, білімді азамат болып есейеді. Әдепті, ибалы болып өсуге талпынады. Әдетте, үлкендер бас мүжігенде «көреген, әділ болсын» деген ниетпен екі көзді алып, өзі қалаған балаға

береді. Міне, бұл көз жегізу делінеді. Қазақ халқы екі көзді бір адамға береді. Оны екі адамға берсе, алақөз болып, бұра тартарды деген ырым бар.

Көзді үлкеннен игі тілек тыңдап отырып жеген бала қырағы, сергек, көреген, халыққа тең мәміле жасайтын турашыл, әділ адам болып жетіледі. Сондай-ақ, өзіне жан-жақты талап қойып, халықтың үміт-тілегін ақтауға құлшынатын ізгі ниетті азамат болады. Әдетте, көреген қария мен тәлімгер әже көмекейді тілден бөліп алып, «тілді-жақты болсын, жезтандай шешен болсын» деп бата берген. Тіл жеген бала оңай тіл табысып, досын көбейтіп, өрісін кеңейтеді. Әдепті, ибалы, мұратты адам болып өсіп жетіледі. Сондай-ақ, қойдың басын мүжіп отырған үлкен кісі бастың таңдайын алып, оны өзі қалаған бір баланың алақанына ұрып береді. Оны бала шап беріп ұстап алса, онда ол ерекше шешен, әнші, жырышы болады деп есептеген. Міне, бұл «таңдай беру» делінеді. Оның да өзіндік мәні бар. Ол баланы жастайынан «әнші, жырышы, ақын болсам екен» деген үлкен арманға бастайды.

Қарап отырсаңыз, қазақтың кең сахара даласында еркін өскен ұлтымыздың рухани құндылығы мен мәдени байлығы теңіздей терең пәлсапалық мән-мағынаға ие. Халқымыздың сарқылмас байлығына баланған сол жауһары мен жақұтын көздің қарашығындай сақтап, кейінгі ұрпаққа аманаттау – біздің парызымыз.

Жасқанат АМАНГЕЛДҮІЛЫ.
Қызылорда қаласы.

Карантиндегі спортшылар

Жер дүниені жайлаған қатерлі дерт спорт саласына да елеулі салқынын тигізді. Көптеген жарыстар кейінге шегеріліп, біріншіліктер уақытша тоқтатылды. Осындай жағдай Сыр спортшында да көрініс берді. Алдын ала жоспар бойынша наурыз-сәуір айына жоспарланған жарыстар енді кейін өткізіледі. Олардың арасында республикалық және облыстық сайыстар бар. Әрине, спортшы үнемі бабында болуы тиіс. Бұл мәселе мамандар тарапынан бақыланып отыр. Бапкерлер өздерінің шәкірттеріне қашықтан басқару арқылы тиісті ақыл-кеңесін береді. Осылайша онлайн әдісі бойынша саңлақтарымыз өздерінің дайындығына көңіл бөліп жүр. Тағы бір айта кететін жайт, онлайн әдісі негізінде көптеген жарыстар өткізуге мән берілуде.

Әділжан ҰМБЕТ,
«Сыр бойы».

Шәкірттер дайындығы – бапкер бақылауында

Бокстан облыс құрамасының аға жаттықтырушысы Жәміл Жүсіпов карантин өз шәкірттерінің дайындығына кері әсерін тигізгенін жасырған жоқ. Шаршы алаңда шындалған былғары қолғап шеберлері өздерін әрдайым бабында ұстауы тиіс. Әрине, жекелей әзірлікті жасауға әбден болады. Десе де, олардың ринг төрінде бір-бірімен қолғап түйістіріп, тәжірибесін арттыра түсетіні белгілі. Бұл жергілікті боксшыларға едәуір салқынын тигізді. Әрбір спортшы қазір өз дайындығын үй жағдайында жүргізіп жатыр.

– Шәкірттер дайындығы үнемі бапкер бақылауында болуы тиіс. Біз бұрын олардың кемшіні түсіп жатқан тұсын бірге талқылап, алдағы жоспарлар жайында ой бөлісетін едік. Рас, қазір де жігіттермен бейнебайланыс арқылы тікелей қарым-қатынас жасап, ақыл-кеңесімзді беріп жатырмыз. Шыныдғын айтайық, бұл өз ойымызды толыққанды жүзеге асырып, боксшылар бабын өз деңгейінде ұстауына қиындық алып келуде. Алдағы уақытта барлығы қалпына келеді деген үміттеміз. Шәкірттерім алдағы жарыстарда өз шеберлігін көрсетеді деп сенемін, – деді ол бізбен әңгімесінде.

Біз Жәмілден алда қандай жарыстар жоспарланып отырғанын сұрадық.

– Төтенше жағдайға байланысты Қазақстан біріншілігі, кубок ойындары кейінге шегерілді. Одан кейінгі кезекте Азия чемпионаты, халықаралық жарыстар бар. Сәтін салса сол жарыстарда қызылордалық жастар бак сынаиды деген үміттемін. Жалпы, спорт дегеніміз үздіксіз алмасып отыратын процесс қой. Қазір қызылордалық жас боксшылар арасынан ересектер арасындағы ұлттық құрамаға мүше болып қабылдануға үміткерлер бар. Біз сондай талантты ұландардың жұлдызын жағуға күш жұмсаймыз. Мұндай өрендер алдымен халықаралық деңгейдегі бәсекелерде сынға түседі. Оған қоса ел біріншілігінде шеберлігін көрсетуі – басты талап, – деді бокс маманы.

Оның айтуынша, қазір ол шәкірттеріне бейнебайланыс арқылы түрлі жаттығу

көріністерін жібереді. Олар сол бойынша жүргізілген дайындығын қайтадан бапкеріне жолдайды. Осылайша бір-бірімен жиі байланысып, тәулігіне бірнеше мәрте хабарласады.

Әр күнді босқа өткізбейді

– Біз карантин кезінде де өз бабымызды жоғалтпауға күш салдық. Әрбір спортшыға ешбір сәтте босансуға болмайды. Оған жол беріп қойсаң, қаншама жылдар бойы төккен терің мен жинақтаған тәжірибең босқа кетуі ғажап емес. Бұл спортшыға кері әсерін тигізуі әбден мүмкін. Қазақ күресіндегі мен жөне өзге де жігіттер сол қағидаға сүйеніп, бапкерімізден бейнебайланыс арқылы тікелей тапсырма алып, оны өз деңгейінде орындауға күш салып отырмыз, – делі балауан Нұрым Сәлімгереев.

Карантиндегі уақытты ол күнде былайша өткізеді. Әдеттегісінше, таңертең өз үйінің ауласында жүгіреді. Әбден дене қыздырып алғаннан кейін тиісті жаттығуларды бастайды. Бапкердің тапсырмаларын орындайды. Оны қайтадан бапкеріне әлеуметтік желі арқылы жолдайды. Осылайша өзінің дайындығын жоғалтпауға күш салып отыр.

– Төтенше жағдай салдарынан қаншама жарыстар кейінге қалдырылды. Олардың арасында «Қазақстан барысы» да бар. Жылма-жыл ұйымдастырылып жүрген «Евразия барысы», ел біріншілігі секілді жарыстардың қай кезде өткізілетіні белгісіз. Десе де, біз әрбір



Жарамсыз деп есептелсін

Тасқараев Алматы Жумановичтің атына ҚР ПМ Қызылорда облысы бойынша қылмыстық-атқару жүйесі департаментінен 17.02.2018 жылы берілген ИЛ №01149 (КР*008039) қызметтік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің ұжымы колледж оқытушысы, педагог-ұйымдастырушы Төремұратов Қанат Мамайұлына қарындасы **Гүлшат Мамайқызының** қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Газетіміздің келесі саны 5 мамыр, сейсенбі күні шығады.

www.facebook.com/syrboyi.kz/ Меншік иесі СЫР МЕДИА жауапкершілігі шектеулі серіктестігі БАС ДИРЕКТОР Аманжол ОҢҒАРБАЕВ қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002) БАС РЕДАКТОР Қуат ШАРАБИДИНОВ қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)	Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053) Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037) Бөлімдер: руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040) экономика – 40-11-10 (1038, 1033) әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034) жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058) есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38 компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)	Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жарияландыр газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.	Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады. Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж. Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.
Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.		e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz	Таралымы 28791
		Тапсырыс №612	Кезекші редактор Ержан ҚОЖАСОВ.